

3 Қолдау – табысты кәсіптің кілті



6 «Қайсар» – ел чемпионы



Сыр бойы

№59 (21134) 23 сәуір, бейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboy.kz

www.instagram.com/syrboy_kz

t.me/syrboy_kz

twitter.com/syrboy

/// ПРЕЗИДЕНТ

АРАЛ ТАҒДЫРЫ – НАҚТЫ НӘТИЖЕГЕ ЖЕТУ ЖОЛЫНДАҒЫ ӘРЕКЕТТЕРДІҢ СЫНАЛАР ШАҒЫ

Ақордада Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Халықаралық Аралды құтқару қоры құрылтайшы мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысы өтті.

Мемлекет басшысы Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан көшбасшыларына саммитке қатысқаны үшін ризашылығын білдірді.

– Бүгінгі кездесу өңірлі орнықты дамыту қағидағарына, прагматикалық және өзара келісілген экологиялық күн тәртібін ілгерілетуге бейіл екенімізді растайды. Осы жиында Қордың даму перспективасын талқылап, Арал теңізі бассейнінің экожүйесін сақтауды көздейтін ортақ шешімдерді айқындаймыз. Бұл кең ауқымдағы халықаралық мәселе болғандықтан, біздің жұмысымызға көптеген мемлекеттер, халықаралық ұйымдар назар аударып отыр. Аралды құтқару мәселесі көп жылдар бойы аймақта да, әлемде де айтылып келеді. Өңірдің тұрақтылығын қамтамасыз ету және өркендету – ортақ әрі қол жеткізуге болатын міндет. Аталған басқосу ынтымақтастықты нығайтуға тың серпін беріп, аймақ мемлекеттеріне пайдасын тигізеді деп үміттенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Халықаралық Аралды құтқару қоры Орталық Азиядағы су шаруашылығы мен экологиялық мәселелердің шешімін табу үшін өңірдегі мемлекеттердің күш-жігерін ортақ арнаға ұйыстыратын бірден-бір



институционалдық платформа екеніне тоқталды.

– Қор Арал теңізін құтқаруға бағытталған халықаралық қолдау шараларын шоғырландырып, бірлескен бастамаларды іске асыруда айтарлықтай рөл атқарады. Қазақстан Қорға төрағалық ету барысында

барлық құрылтайшы мемлекеттердің қатысуымен көптеген өзекті міндеттердің шешімін табуға дөйекті түрде ықпал етті. Мысалы, су-энергетика

саласындағы ынтымақтастық нығайтып, жобаларды қаржыландыру тетіктері кеңейіп келеді. Қордың Атқарушы комитетінің үйлестіру қызметін арттыру жөнінде шаралар қабылданды. Халықаралық әріптестермен, соның ішінде БҰҰ құрылымдарымен, қаржы институттарымен және донорлармен ықпалдастық күшеюде. Халықаралық табиғатты қорғау бастамалары аясындағы жұмыс жанданды. Қордың Атқарушы комитеті бірқатар маңызды жиынға, атап айтқанда, Рияд қаласында өткен One Water саммитіне, Найробиде ұйымдастырылған БҰҰ-ның қоршаған орта жөніндегі 7-ші Ассамблеясына, сондай-ақ Бакудегі COP-29 және Белендегі COP-30 конференцияларына қатысты. Арал теңізі бассейніндегі елдерге көмек көрсету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасына және Орталық Азияның тұрақты дамуы үшін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Өңірлік бағдарламасына жіті назар аударылып отыр. Сонымен қатар халықаралық ұйымдардың қатысуымен 30-дан аса өңірлік жоба жүзеге асырылуда. Аталған бағдарламалар мен бастамаларды қаржыландырудың жалпы көлемі екі миллиард доллардан асады. Қазақстанның Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен серіктесе отырып әзірлеген 2026-2029 жылдарға арналған Өңірлік жол картасы Арал маны тұрғындарының денсаулығын жақсартуға және әл-ауқатын арттыруға үлес қосады, – деді Мемлекет басшысы.

2-бет

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ТҰРАҚТЫ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ МАҢЫЗДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде инклюзивті саясатты іске асыру мәселесі қаралды.

Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев секторлық режим арқылы қатысты. Үкімет отырысынан кейін өткен мәжілісте осы және өзге де мәселелер талқыланды.

– Жаңадан бой көтерген ғимараттарды, саябақтар мен сауда орталықтарын мұгедектігі бар адамдардың, қарттардың ыңғайына қарай бейімдеу қажет. Ерекше қажеттілігі бар азаматтарымызға әуежай, теміржол және автовокзалдарда арнайы орынды көрсететін белгілер қойылып, пандус, лифт пен бейімделген әжетхана толыққанды жұмыс жасауы тиіс.

Инклюзивті спорт түрімен айналысатын азаматтарымызға тұрақты қолдау көрсетіп, олардың халықаралық, республикалық жарыстарға қатысуы, жоғары нәтижеге жетуі үшін барлық қажетті жағдай жасалуы өте маңызды.

Егер мүгедектігі бар азамат жұмысқа қабілетті болса, жұмыс істегісі келсе, оған міндетті түрде көмектесуіміз керек. Инватакси қызметі үздіксіз көрсетілуі, мұқтаж азаматтарға қолжетімді болғаны жөн. Осы қызметтің сапалы әрі уақытылы көрсетілуіне тұрақты мониторинг жүргізіп, қажет болса автокөлік санын арттыруға ұсыныс беріңіздер, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Жыл басында Президент тапсырмасына сәйкес, «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен Қызылорда қаласында еліміз өңірлерінің арасында алғашқылардың бірі болып мүгедектігі бар азаматтарға арналған заманауи Инклюзивті спорт орталығы ашылды.

Мәжілісте төтенше жағдайлардың алдын алуда қатаң шаралар қабылдау, көктемгі дала жұмыстарының кедергісіз жүргізілуін ұйымдастыру тапсырылды.

Бұдан бөлек, макроқорсеткіштердің тұрақты өсімі қамтамасыз етіліп, әлеуметтік нысандар, тұрғын үйлер құрылысының сапасы зерделенуі тиіс. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автожолы бойындағы қызмет көрсету орталықтарының, жол бойындағы әжетханалар мен аялдамалардың санитарлық тазалығы назардан тыс қалмауы керек.

/// ЕГІН – 2026

АЛҚАПҚА ДӘН СЕБІЛДІ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария ауданы Нағи Илиясов атындағы ауылға жұмыс сапарымен барып, егін алқабына алғашқы дән себу рәсіміне қатысты.

Аймақ басшысы Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ерәлиев және ардагерлермен бірге алғашқы дәнді сеуіп, қамбаның астыққа толуына, мол өнім жиналып, шаруалар еңбегінің ақталуына тілектестігін білдірді.

Әрі қарай ауыл шаруашылығы техникалары, тыңайтқыштар, өсімдік қорғау құралдары және озық техникалар көрмесімен танысты.

Биыл вегетация кезеңінде облыстың егіс алқаптарын суаруға 3,2 млрд текше метр су лимиті бөлінді. Жалпы 185,8 мың гектарға дақылдар егу жоспарланған. Оның ішінде дәнді дақылдар 89,7 мың, майлы дақылдар 6,1 мың, малазықтық дақылдар 73,2 мың, ал картоп, көкөніс және бақша дақылдары 16,8 мың гектар.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, суды көп қажет ететін дақылдар көлемін онтайландыру көзделген. Осыған байланысты биыл күршіс көлемін 70 мың гектарға дейін қысқарту жоспарлануда. Оның орнына суды аз қажет ететін, өнімділігі жоғары жүгері алқаптарын ұлғайту қарастырылған.

Бүгінде ерте егілетін дақылдар себіліп бітуге жақын, қажетті тұқым, тыңайтқыш, техника және жанар-жағармай жеткілікті, 3975 техника көктемгі науқанға жұмылдырылды.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері 21,7 мың тонна арзандатылған дизель отынына өтінім

берді. Оның 10,1 мың тоннасы көктемгі дала жұмыстарына, 11,6 мың тоннасы күзгі егін жинауға пайдаланылады.

Егін шаруашылығын әртарапандырып, су үнемдеу технологиясын кеңінен енгізген шаруашылықтарды қолдау үшін алдағы үш жылға 34 млрд теңгеден астам қаржы бөлінсе, 10 млрд теңгеге жуығы биылға қарастырылған.

Соңғы жылдары су үнемдеу технологияларын қолдану 4 есе артып, 16,7 мың гектарға дейін жеткізіледі, аймақта бірқатар ірі инвестициялық жоба бар. Атап айтқанда, Harvest Agro серіктестігі Жалағаш ауданында жүгері, соя, техникалық қарасора егіп, 21 мың гектар жерге агрокластер құруда. «Центр семеноводства» серіктестігі Шиелі ауданында 10 мың гектарға жүгеріні жаңбырлатып суару әдісімен егу, «Таң ЛТД» серіктестігі 3 мың гектарға жүгеріні тамшылатып суару әдісімен егу жобаларын қолға алған.

«СБ» ақпарат

/// ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ПӘРМЕНИ

ҰЛТТЫҚ ТЕАТР ӨРКЕНИЕТІНІҢ ҚАРАШАҢЫРАҒЫ



Суретері түсірген Бағдат ЕСЖАЙОВ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері, ел ағаларының қатысуымен Президент саябағының аумағында жаңа драма театрдың іргетасы қаланып, қапсуласын салу рәсімі өтті.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты жаңа нысан құрылысының басталуымен құттықтады.



3-бет

Валюта бағамы \$ 464,73 kzt

€ 546,57 kzt

₸ 6,19 kzt

Ауа райы: Бейсенбі

+25°

+15°

Жұма

+28°

+15°

АРАЛ ТАҒДЫРЫ – НАҚТЫ НӘТИЖЕГЕ ЖЕТУ ЖОЛЫНДАҒЫ ӘРЕКЕТТЕРДІҢ СЫНАЛАР ШАҒЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев Солтүстік Аралдың экосистемін қалпына келтіру бойынша бірлескен күш-жігердің арқасында оң нәтижеге қол жеткізілгеніне мән берді.

– Теңіздегі су көлемінің 18,9-дан 23,5 текше шақырымға дейін ұлғаюы Арал маңындағы балық шаруашылығына, жалпы әлеуметтік-экономикалық ахуалға жағымды әсер етті. «Арал» геопаркі құрылды. Бұл – аумақтың орнықты даму үлгісі бола алатын бірегей табиғи әрі ғылыми нысан. Жобаның басты мақсаты – Арал теңізінің табиғи-экологиялық және тарихи мұрасын сақтау. Қазіргі уақытта оны ЮНЕСКО геопарктері жаһандық желісінің нысандары қатарына қосу бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Осылайша, Қазақстанның төрағалығы Қордың тиімділігін көтеруге бағытталды. Қолдау көрсетіп, бірлесіп әрекет еткен барлық құрылтайшы мемлекеттерге шынайы алғысымды айтамын. Жұмыла жұмыс істеп, мақсат пен нақты істі сабақтастыра отырып, халықтарымыздың тұрақты болашағын қамтамасыз етуге бұдан да зор табыстарға қол жеткізе алатынымызға сенімдімін, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінгі жетістіктерге қарамастан, экологиялық қатерлердің өсу қарқыны оны төмендету мақсатында қабылданған шаралардан асып түседі. Мұны Арал теңізі бассейнінің қазіргі жағдайын талдау нәтижелері көрсетіп отыр.

– Арал бассейніндегі экологиялық ахуал алаңдатарлық. Оны барлығыңыз жақсы білесіздер. Арал маңындағы климат айтарлықтай өзгеріске ұшырады: жаздағы ауа температурасы орта есеппен 2-2,5 градусқа көтерілді, құрғақшылық күшейіп, қыс суық бола түсті. 100 шақырым шеңберінде жауын-шашын көлемі азайды. Құмды дауыл жиіледі. Аралқұм шөлінен жыл сайын ондаған миллион тонна тұз, құм, түрлі химиялық заттар атмосфераға көтеріледі. Олар әлемнің ең шалғай түкпірлерінен, мәселен, Солтүстік Мұзды мұхиттан табылып, алыс аумақтағы топыраққа, экосистемеге және адамдардың денсаулығына зиян келтіріп отыр. Теңіз табанынан ұшқан

тұзды шаңның Тянь-Шань мен Памир мұздықтарына дейін жетуі алаңдаушылық туғызады. Дүниежүзілік метеорология ұйымының мәліметіне сүйенсек, мұздықтар үшін кейінгі гидрологиялық жыл бақылау жұмыстары басталғаннан бергі (1950 жылдан) ең нашар кезең болған. Мұздықтардың азаяуы тұтас аймақтағы су қауіпсіздігіне қатер төндірде. Сондай-ақ су тұтыну көлемі тұрақты түрде артып келеді. Барлық су ресурстарының 80 пайыздан астамы ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылады, яғни суармалы жүйедегі шығын азаймай тұр. Мұндай жағдайда келісілген және ұзақмерзімді шешімдер әзірлеген жөн. Стратегиялық тұрғыдан маңызды әрі ауқымды шешімдерді бірлесіп қабылдап, өнімді жұмыс істей алатынымызды әлемге паш етейік, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент су проблематикасын аймақ елдеріне ортақ әрі халықаралық қоғамдастық назар аударатын өзекті мәселе ретінде қарастыруға шақырды. – Бұл – ұлттық деңгейдегі немесе тактикалық емес, әлемдік маңызы бар стратегиялық міндет. Сондықтан нақты іске көшу керек. Қоржымымыздың ұйымдастыру механизмдерін жанартау да өзекті. Сол арқылы Ұйым қызметінің қолданбалы сипаты күшейе түседі. Біздің ойымызша, Қордың өңірге ортақ платформа ретіндегі рөлін нығайта түскен жөн. Осылайша, су, экология және орнықты даму мәселелерін Орталық Азия елдерінің мүддесіне сай тиімді шешуге болады. Бұған дейін қалыптасқан өзара ықпалдастықты дамытқан дұрыс. Халықаралық сарапшылардың бақылауына, сонғы жылдары су мәселесінде аймақ елдері өз мүдделерін алға шығарып отыр. Яғни халықаралық аспектілер, экология және орнықты даму мәселелерін Орталық Азия елдерінің мүддесіне сай тиімді шешуге болады. Бұған дейін қалыптасқан өзара ықпалдастықты дамытқан дұрыс. Халықаралық сарапшылардың бақылауына, сонғы жылдары су мәселесінде аймақ елдері өз мүдделерін алға шығарып отыр. Яғни халықаралық аспектілер, экология және орнықты даму мәселелерін Орталық Азия елдерінің мүддесіне сай тиімді шешуге болады.

Бұдан бөлек, Президент сұранысқа ие жобалардың қосымша қорын жасақтау үшін халықаралық ұйымдармен, донорлармен және қаржы институттарымен бірлескен жұмысты күшейтуге маңыздына тоқталды.

– Бүгін Өңірлік экологиялық саммиттің пленарлық отырысында БҰҰ-ның мамандандырылған институты ретінде Халықаралық су ұйымын құру туралы бастаманы қайта көтердім. Мұндай құрылымды жасақтау – уақыт талабы. Бұл бастаманы халықаралық су қоғамдастығы да қолдап отыр. Аталған тетік аймақтағы су қауіпсіздігін сақтау мәселесінде әлемдік қауымдастықтың күш-жігерін шоғырландыруға ықпал етеді. БҰҰ аясында жұмыс істейтін мұндай институт ешбір елге, әсіресе, Орталық Азия мемлекеттеріне зиянын тигізбейді. Сондықтан осы бастамаға қолдау көрсетулеріңізді сұраймын. Тіпті оны Біріккен Ұлттар Ұйымына Орталық Азия елдерінің ортақ жобасы ретінде ұсынуға болады. Осылайша Орталық Азияның бірқатар мемлекеттерінің астаналарында UN Water ұйымының жекелеген сегменттерін ашуға мүмкіндік туады. Бұдан бөлек, БҰҰ аясында Арал су жүйесінің, Әмудария мен Сырдария өзендерінің халықаралық күндерін бекіту туралы бірлесіп бастама көтерген жөн. Сол арқылы Аралдың су экосистемін сақтау мәселесіне әлем назарын аудару аламыз. Мен айтқан ұсыныстардың барлығы біздің ортақ мүддемізге сай

мемлекеттері басшыларының ықпалымен Консультативтік кездесуінде халықаралық стандарттарға сүйене отырып, Суды пайдалану жөніндегі негіздемелік конвенция қабылдауды ұсынған едім. Мұндай конвенция қабылдау көпжақты ықпалдастықтың келісілген қағидаттарын бекітуге және трансшекаралық суды пайдаланудың тиімділігін арттыруға жол ашады. Осы мәселеге зейін қоюларыңызды сұраймыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев су саласын цифрландыруды, соның ішінде Сырдария мен Әмудария бассейндерінде мониторингтеудің бірыңғай автоматтандырылған жүйесін енгізуді басты міндет ретінде атады. Бұл тетік деректердің ашықтығы мен нақтылығын қамтамасыз етеді.

– Қазақстан мен Өзбекстан Сырдария бассейніндегі он учаскені автоматтандыруға кірісті. Осы тәжірибені Арал теңізіндегі барлық бассейнге енгізуге болар еді. Қорды институционалдық тұрғыдан одан әрі дамыту мәселесі өзекті. Бұл үлгі біршама созылып кетті деп ойлаймын. Кезек күттірмейтін міндеттің бірі – Мемлекетаралық энергетика комиссиясын құруды аяқтау. Елдерімізді тұрақты әрі сенімді түрде сумен қамту бойынша энергетика саласындағы іс-қимылды үйлестірудің маңызы зор екенін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Сондықтан, біздің ойымызша, Қордың су шаруашылығы және энергетика комиссияларының отырыстарын ұштастырған жөн. Ең әуелі, мемлекетаралық энергетика комиссиясының Сырдария өзені бассейніндегі жұмысын жолға қою орынды деп санаймыз. Одан кейін ықпалдастық тетіктерін жетілдіре отырып, Арал теңізінің тұтас бассейнін қамту арқылы бұл форматтың аясын кеңейтуге болады. Бірнеше кезеңнен тұратын мұндай тәсіл аймақтағы барлық елдің мүддесін сақтауға мүмкіндік береді, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысының пікірінше, аймақтағы су мәселелері мен экологиялық сын-қатерлер арта түскен сәтте өзара келісімге келіп, кедергілерді бірлесіп еңсеру үшін күш-жігер жұмылдыру, бірлік таныту – өте маңызды.

– Баршанызға белгілі, Қырғызстанның Қордағы қызметі тоқтап тұр.

Бұл – Қырғыз мемлекетінің өз еркі. Қазақстан оған құрметпен қарайды. Бұл ретте Қазақстан ведомстволар арасындағы жұмыс деңгейінде Қырғызстанмен байланыстың дамуын жоғары бағалайды және қарым-қатынасты одан әрі жандандыруға дайын. Орталық Азияның орнықты дамуы үшін Қырғызстанның тәжірибесі өте маңызды. Сондықтан еліміз Қырғызстанның Халықаралық Аралды құтқару қорындағы қызметін ертелі-кеш жаңғыртады деп есептейді. Біз бұған тек қуанар едік. Қордың аймақтағы рөлін нығайту мақсатында көпжақты ықпалдастықтың түрлі форматында, соның ішінде Консультативтік кездесулердің күн тәртібінде су мәселесін қарастыруды ұсынамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Президент сұранысқа ие жобалардың қосымша қорын жасақтау үшін халықаралық ұйымдармен, донорлармен және қаржы институттарымен бірлескен жұмысты күшейтуге маңыздына тоқталды.

– Бүгін Өңірлік экологиялық саммиттің пленарлық отырысында БҰҰ-ның мамандандырылған институты ретінде Халықаралық су ұйымын құру туралы бастаманы қайта көтердім. Мұндай құрылымды жасақтау – уақыт талабы. Бұл бастаманы халықаралық су қоғамдастығы да қолдап отыр. Аталған тетік аймақтағы су қауіпсіздігін сақтау мәселесінде әлемдік қауымдастықтың күш-жігерін шоғырландыруға ықпал етеді. БҰҰ аясында жұмыс істейтін мұндай институт ешбір елге, әсіресе, Орталық Азия мемлекеттеріне зиянын тигізбейді. Сондықтан осы бастамаға қолдау көрсетулеріңізді сұраймын. Тіпті оны Біріккен Ұлттар Ұйымына Орталық Азия елдерінің ортақ жобасы ретінде ұсынуға болады. Осылайша Орталық Азияның бірқатар мемлекеттерінің астаналарында UN Water ұйымының жекелеген сегменттерін ашуға мүмкіндік туады. Бұдан бөлек, БҰҰ аясында Арал су жүйесінің, Әмудария мен Сырдария өзендерінің халықаралық күндерін бекіту туралы бірлесіп бастама көтерген жөн. Сол арқылы Аралдың су экосистемін сақтау мәселесіне әлем назарын аудару аламыз. Мен айтқан ұсыныстардың барлығы біздің ортақ мүддемізге сай

келеді. Бұл – саяси популизм емес, оның ешқандай астары да жоқ, – деді Мемлекет басшысы.

Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Арал тағдыры – аймақ елдеріне төнген зор экологиялық қауіп-қатер ғана емес, нақты нәтижеге жету жолындағы әрекеттердің сыналар шағы екенін айтты.

– Аймақтың тағдыры тек қана өз қолымызда, сенімді диалог пен елдеріміз арасындағы тығыз ынтымақтастыққа тікелей байланысты. Құрметті әріптестер, президенттер, кадрлі бауырлар, бәріңіз су мәселесінің маңызын жақсы түсінетін ықпалды әрі тәжірибелі азаматсыздар. Өңірде су болмаса, Орталық Азия елдерінің де күні қараң. Су жастарымыздың тұрмысын жақсартып, болашағын жарқын етеді. «Су – тіршілік көзі». Бүгінгі саммит Халықаралық Аралды құтқару қорының қызметіне тың серпін беріп, халықтарымыздың игілігі жолындағы өңірлік өзара ықпалдастықтың жаңа кезеңіне айналады деп сенемін, – деді Қазақстан Президенті.

Keңес отырысында Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Халықаралық Аралды құтқару қоры Атқарушы комитетінің төрағасы Асхат Оразбай сөз сөйледі.

Саммит қорытындысы бойынша мынадай құжаттарға қол қойылды:

1. «Халықаралық Аралды құтқару қорына Қазақстан Республикасының төрағалық ету барысы туралы» Халықаралық Аралды құтқару қоры құрылтайшы мемлекеттер басшыларының шешімі;
2. «26 наурыздағы Арал теңізінің, Әмудария мен Сырдария өзендерінің халықаралық күні деп жариялау жөнінде» Халықаралық Аралды құтқару қоры құрылтайшы мемлекеттер басшыларының шешімі;
3. «Халықаралық Аралды құтқару қорының Президенттің сайлау туралы» Халықаралық Аралды құтқару қоры құрылтайшы мемлекеттер басшыларының шешімі;
4. Халықаралық Аралды құтқару қоры құрылтайшы мемлекеттер басшыларының Астана мәлімдемесі.

1-бет

/// ЖЕҢІС – 81

АРДАГЕРЛЕРГЕ БЕРІЛЕТІН ТӨЛЕМ АРТТЫ

Қызылорда облысында Жеңіс күніне орай екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушыларға берілетін бірреттік төлем артты. Соңғы төрт жылда ол 1,5 млн теңгеден 5 млн теңгеге, ал биыл 5,5 млн теңгеге өсіп отыр.

– Сыр өңірінде жалғыз қарт майдангер қалды. Жасы 104-ке таяған Яхия Тасыров бүгінде Сырдария ауданының Тереңөзек кентінде тұрады. Оған соғыс ардагері ретінде 1272 айлық есептік көрсеткіш немесе 5,5 млн теңге мөлшерінде көмек тағайындалды, – деді облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы бөлім басшысы С.Сейдахметов.

Соғыс жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін:

– бұрынғы КСРО орден-медальдарын иеленгендерге – 60,

– 1941-1945 жылдары соғыс кезінде кемінде 6 ай қызмет өткерген тыл ардагерлеріне, тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО орден-медальдарымен марапатталған адамдарға – 50,

– сондай-ақ соғыс ардагерлеріне теңестірілген (қатысушылары мен мүгедектерінен басқа) ардагерлерге, соғыс кезінде қызмет өткерген әскери қызметшілерге, фашистік Германияға

қарсы іс-қимылдарға қатысқандарға, Ленинград қаласында блокада кезеңінде жұмыс істеген азаматтарға, концлагерлердің қамалына толмаған тұтқындарына, жаралану салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілерге, азаматтық немесе әскери мақсаттағы нысандардағы радиациялық апаттар мен ядролық сынақтар салдарынан мүгедектігі анықталған адамдарға, қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасылары мен қайтыс болған соғыс мүгедегінің жұбайларына, Чернобыль апаты мен Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтарды жоюға, басқа мемлекеттердің аумағындағы, оның ішінде Тәжік-Ауған учаскесіндегі әскери іс-қимылдарға, Ирактағы халықаралық бітімгершілік операциясына, Таулы

Қарабақтағы этносаралық қақтығысты реттеуге (Ауғанстандағы ұрыс қимылдарының ардагерлерінен басқа) қатысқандарға, Ардагерлер туралы заң күші қолданылатын (тыл еңбеккерлері, қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасылары, қайтыс болған соғыс мүгедегінің жұбайлары) басқа адамдарға 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни 216 250 теңгеден төленеді.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының хабарлауынша, Қызылордада соғыс уақытында тылда бел жазбай еңбек еткен 1331 адам бар.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

ҰЛТТЫҚ ТЕАТР ӨРКЕНИЕТІНІҢ ҚАРАШАҢЫРАҒЫ

– Мемлекет басшысы қаламызда өткен Ұлттық құрылтайдың қорытынды отырысында «Жалпы «Сыр елі – жыр елі» деп бекер айтылмайды. Қорқыт ата заманынан жалғасып келе жатқан жыраулық-жыршылық және күйшілік өнер бұл аймақта кең қанат жайған» деп атап өтіп, Қызылордадағы жаңа драма театр құрылысы биыл басталатынына тоқталған еді. Театр ұлтымыздың болмыс-бітімін сақтауға, руханиятты байытуға зор үлес қосып келеді. Жетпіс жылдан астам тарихы бар, қазақ театр өркениетінің қарашаңырағы Нартай Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театры – Сыр өңірінің мәдени өмірінің ажырамас бөлігі. Бүгінде репертуарында 60-тан астам қойылым бар. Шығармашылық ұжым жыл сайын 70 мыңнан астам көрерменге рухани азық сыйлайды. Президент саябағы аумағында іргетасы қаланатын жаңа театр – төл өнерімізді түлететін, жас буынның шығармашылық әлеуетін шыңдайтын, ұлттың жаны сөйлейтін киелі мекен болады деп сенеміз, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Жаңа өнер ордасы 2,5 гектар жерге орналасады, ал құрылыс аумағы 4026,80 шаршы метр. Онда 520 көрермен театр қойылымын тамашалай алады. Репетициялық залдар, оркестр шұңқыры, холл, киім сақтау және ауыстыру, актерлік грим бөлмелері, студиялық және шығармашылық алаңдар, әкімшілік кабинеттер қарастырылған.

1-бет



ЖАҢА ДРАМА ТЕАТРДЫҢ ІРГЕТАСЫН ҚАЛАУ РӘСІМІ

Қазақтың ұлттық кәсіби театрының шымылдығы түрілген Қызылордада бір ғасырдан соң жаңа ғимараттың іргетасы қалануының өзіндік мәні бар. Қызылорда – қазақ театр өнерінің негізі қаланған жер. Бір ғасыр бұрын жаңадан құрылған ұлттық театрдың алғашқы қойылымы осында сахналанған. Сыр жұртшылығы халқымыздың асыл мұраттарын, құндылықтарын сахна арқылы ұрпақ санасына сіңіріп келген ұлт театрының Қызылордадан бастау

алғанын мақтанш тұтады.

Салтанатты шарада сөз алған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Хусейін Әмір-Темір өңірде жаңа өнер ордасының іргетасы қалануы ерекше оқиға екенін атап өтті.

– Сыр халқы үшін ерекше сәт деп ойлаймын. Ұзақ жылдан бері елге қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан облыстық театрдың жаңа ғимаратының іргетасы құйылады. Ұлт руханиятына өлшеусіз үлес қосқан өнер ордасының жаңа

ғимараты алдағы уақытта заманауи, сәулетті үлгіде ел игілігіне айналады. Бұл қуанышты хабарды біздің ұжым мен көрермен зор ризашылықпен және қуанышпен қабыл алды. Сондықтан бүгінгі рәсімді барша облыс жұртшылығы үшін мәртебелі оқиға деп бағалаймын. Жаңа нысанда жаңа серпін, жаңа шабыт, жаңа өнер шығармалары дүниеге келеді деген сенімдемін, – деді ол.

Сондай-ақ «ВД Строй Инжиниринг» ЖШС бас директоры Азамат Өсімбеков өз сөзінде ғимарат алдағы екі жылдың ішінде ел игілігіне берілетінін жеткізді.

Айта кету керек, 2022 жылдан бері өңірде 22 мәдениет нысаны жаңадан салынған. Барлық ауданда «Руханият орталықтары» ашылды. Облыстың бас шаһарында «Өнер орталығы», «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы», «Оқушылар сарайы» бой көтерді.

Былтыр Қызылорданың астана болғанына 100 жыл толуына орай облыстық тарихи-өлкетану музейінің, Ассамблеяның 30 жылдығына орай «Қазатомөнеркәсіп» компаниясының қолдауымен «Достық үйінің» жаңа ғимараты салынды. Кейінгі жылдары «Сыр жұлдыздары» академиясы, Жалағаш, Жанақорған, Шиели аудандарында «Өнер мектебі» мен «Оқушылар үйі» іске қосылды.

Алдағы күндері тәулік бойы жұмыс істейтін Президенттік кітапхана құрылысы басталады.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

/// АУЫЛ АМАНАТЫ

ҚОЛДАУ – ТАБЫСТЫ КӘСІПТІҢ КІЛТІ

Президент бастамасымен жүзеге асып жатқан «Ауыл аманаты» бағдарламасының мақсаты – ел азаматтарының табысын арттыру. Қолдаудың арқасында Арал ауданындағы кәсіпкерлікке бейім азаматтар өз кәсібін өркендетіп келеді. Айталық, 2023-2025 жылдары теңізді өлкеде осы бағдарламамен 1 млрд 107,3 млн теңгеге 178 жоба қаржыландырылған, 200-ден астам жұмыс орны құрылған.

Арал қаласынан жиһаз шеберханасын ашқан Күмісай Бахытбергенова 5,4 млн теңге жеңілдетілген несиеленіп алған. Кәсіпкер бүгінде аудан орталығынан бөлек, елді мекендерден түскен тапсырыстарды орындап жүр.



– Жас отбасымыз. Қазір Арал қаласында жиһаз істеу немесе құрастыру жағынан бәсекелестік жоқ деуге болады. Жолдасым екеміз өз бастамамызбен осы кәсіпті ашып, бүгінде түрлі тапсырыстар қабылдаймыз. Көбіне-көп ас үй жиһаздары мен кеңсе үстелдеріне ұсыныс түседі. Сондай-ақ жағын бөлме шкафтары, жұмсақ диван-креслоларды да шеберханамызда жасап келеміз. Өнім дайын болған соң тапсырыс берушінің үйіне жеткізіп, жиһазды құрастырып беру де біздің қызметімізде, – дейді Күмісай.

Кәсіпкердің сөзінше, бағдарлама қаражатына сатып алынған қытайлық құрылғылардың тапсырыстың тез әрі сапалы бітуіне көмегі көп. Жас отбасының ендігі мақсаты – өнім көлемін арттырып, шеберхана аумағын үлкейту.

Болат Алданиязов та халық күнделікті тұтынатын нан өнімдерін шығарды. Бұған дейін шағын дүкен ашып, саудасын жүргізген ол екі жыл бұрын бағдарлама арқылы жеңілдетілген несиеге қол жеткізген.

– «Ауыл аманаты» мемлекеттік бағдарламасының кәсіп бастауға деген ынталы ағайынға пайдасы көп. Өзім бұған дейін дайын өнімдерді сататын дүкен ашсам, қазір наубайханада нан пісіремін. Бағдарламамен алынған қаражатқа үш секциялы электр пеш, үн илейтін арнайы станок, өзге де қажетті құралдар алынды. Жерлестеріме екі түрлі нан, яғни болке нан мен таба нан сатамыз. Күніне екі рет пісіреміз, соның өзінде ыстық күйінде өтіп кетеді. Кейде үлгермей қалып жатамыз, – дейді кәсіпкер.



Жерлестеріне ас атасын ұсынып жүрген кәсіп иесі алдағы уақытта басқа да нан түрлерін сатылымға шығармақшы. Бір азаматты тұрақты жұмыспен қамтыған ол наннан бөлек, тәтті тоқаштар мен өзге кондитерлік өнімдерді өз наубайханасында пісіруді жоспарлап отырғанын айтты.

– Өткен жылдың соңында «Ауыл аманаты» бағдарламасымен 122 жоба ұсынылып, оның 72-сі несиеленіп отырысында қаралған болатын. Қазір 42 жоба мақұлданды. Олардың көбісі өңдеу, яғни өнім шығару саласына қатысты болып отыр. Қосымша мал мен егін шаруашылығы, қызмет көрсету саласындағы кәсіпкерлік жобалар да бар, – дейді аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Жәнібек Жұбанов.

Айта кету керек, алдағы уақытта да Арал ауданында жалпы құны 351 млн теңгеден асатын 36 жоба жауапты орындарға ұсынылмақ.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

HARVEST AGRO: АГРОИНДУСТРИАЛДЫ КЛАСТЕР ҚҰРУ ЖОБАСЫНЫҢ БІРІНШІ КЕЗЕҢІ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жалағаш ауданына жұмыс сапарымен барып, Harvest Agro компаниясының агроиндустриалды кластерін құру жобасының бірінші кезеңін іске қосу және алғашқы дән себу рәсіміне қатысты.

Оған Harvest Kazakhstan серіктестігінің бас директоры Дәулет Увашев, Су ресурстары және ирригация министрлігі Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің төрағасы Сейілбек Нұрымбетов, Жамбыл, Түркістан облыстарынан арнайы делегация, өңірлік қаржы және даму институттарының, шаруашылық құрылымдарының басшылары, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары келді.

– Президентіміздің қолдауымен облыстың егін шаруашылығын артарапандыруға, су ресурстарын үнемдеу технологиясын кеңінен енгізуге алдағы үш жылға 34 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Биыл осы мақсатқа 10 млрд теңге қарастырылды.

Бұл – Мемлекет басшысының

Сыр дикандарын ерекше қолдауы. Су ресурстарының азаюы бұрынғы дағдыларды қайта қарауды, табиғатпен үндес, үнемшіл әрі тиімді жолдарды таңдауды талап етті.

Бүгінгі бастама – жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын, өңірміздің экономикалық әлеуетін, халықтың әл-ауқатын арттыратын стратегиялық маңызды қадам.

Жобаны жүзеге асыруға бастамашы болып, зор үлес қосқан инвесторларға тағы да шынайы алғысымызды, зор ризашылығымызды білдіреміз. Зауыт құрылысының сәтті аяқталуына, жаңа нысанның ел игілігіне қызмет етуіне тілектеспін, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Рәсімде облыс прокуроры Ризабек Кәрімұлы, Harvest Agro серіктестігінің басшысы Дәулет

Нұрланұлы сөз сөйлеп, ел ағасы Бигали Әбдікерұлы батасын берді. Агроиндустриалды кластер құру жұмыстарын сапалы жүргізіп, жобаның жүзеге асуына үлес қосқан азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Айта кету керек, жобаның бірінші кезеңінде 8,7 мың гектар суармалы жерге жүгері, екінші кезеңінде 32 мың гектарға жүгері, соя, техникалық қарасора егіліп, 68 млрд теңгеден астам қаржыға дақылдарды терен өңдейтін жаңа өндіріс орны ашылады. Зауыт заманауи жоғары сапалы техно-

логиялармен жабдықталып, 140 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етеді.

Жоба ауыл шаруашылығын дамытуға, суармалы жер көлемін ұлғайтуға және өңделген өнім экспорттың арттыруға бағытталған. Қазір 30 мың гектар жер игерілуде, ал алдағы уақытта бұл көрсеткішті 300 мың гектарға дейін жеткізу жоспарланған. Егін өсірумен қатар, өнімді өңдеу, сақтау, тасымалдау және өткізу біртұтас жүйе ретінде дамытылады.

Бүгінде негізгі инфрақұрылым жұмыстары қарқын алған.



Қараөзектен суару арналары тартылып, 142 жаңбырлатқыш қондырғы орнатылуда. Бұл су ресурстарын 30 пайызға дейін үнемдеуге мүмкіндік береді.

Егіс алқаптарын бақылау және басқару үшін цифрлық жүйелер, жасанды интеллект элементтері енгізілуде. Алғашқы кезеңде 80 мың тоннаға дейін жүгері өнімін алу жоспарланған. Бұл – елімізде ірі агроөнеркәсіптік кластер қалыптастыруға бағытталған маңызды жобалардың бірі.

/// ТАҒАЙЫНДАУ

КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНЫҢ ЖАҢА БАСШЫСЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен кадрлық өзгерістерге орай мәжіліс өтті. Онда «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының бұйрығымен облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры лауазымына тағайындалған Абизов Ділмұхамед Мінұарбекұлы таныстырылды.

Облыс әкімі жаңа басшының қызметіне сәттілік тілеп, бірқатар міндет жүктелді. – Өңірімізге инвесторлар тарту және олардың жобаларын «бір терезе» қағидаты бойынша сүйемелдеуді ұйымдастыру керек. Жергілікті бизнес субъектілерін «Қазақстандық тауар өндірушілердің тізімі» жүйесіне тіркеу, өтінім беруді ұйымдастыру жұмыстарын жандандыруды тапсырамын, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Ділмұхамед Абизов 1978 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Мұнай және газ кеніштерін игеру мен пайдалану», Ақмешіт гуманитарлық-техникалық институтында «Экономика» мамандықтары бойынша білім алған. Омбы гуманитарлық академиясында «Экономика» мамандығы бойынша магистр академиялық дәрежесін иеленген.



Еңбек жолын «Сырдария мұнай» акционерлік қоғамының бұрғылаушысы болып бастаған.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі

Өмірін өнерменен өрнектеген

Ресми деректер Әбіләш «1936 жылы 5 наурызда Бестам (бұрынғы Ленин колхозы) ауылында туған» деп жазып жүр. Ал өзі бір сөзінде «Сырдария ауданы Аманкелді совхозының Айдарлы бөлімшесіндегі «Ербайдың Ақтамында» дүниеге келгенім» депті [Исмаил Ө. Алаштан әні озған Әбіләш // Өскен өркен. — 2000. — 12 ақпан].

Қарапайым өмірбаян деректерінің өзінде түбін індете түсуді қажет ететін мәліметтер жеткілікті екені осыдан-ақ көрінеді. Мұның сырын XIX ғасырда Баянауылдан ірге көтеріп, Сырға маңдай тіреген Тортуыл арғын этник бірлестігінің өкілі, арғы бабасы Меттеңнің мінәйі себеппен жер ауып келіп Ақтамға қоныстанған тар жылдардың тарғалы тарихымен түсіндіруге болады. Содан ақылды қызы Жанайдың қышпак Тұрсынбай датқаға тұрмыстанып, өзінен кейінгі төрт інісіне Тұяқтыдан қыз алып беріп, сол пайым арқылы қышпак арасына ірге бекітіп, қауым ел кейін колхозға бірігіп, «тастай батып, судай сінсе» керек. Көп зерттеушілер елемейтін, бірақ көзге көрініп, автохтонды оғыздық өрнектен ерекшеленіп тұратын Әбіләштің айтушылық қолтаңбасындағы сананың көне қатпарына жасырынған генетикалық жад арқылы белгі беріп, шарпысу негізінде қалыптасқан аралық дәстүрге тән әншілік өрнектің генезисі мен онтогенезін осы тұрғыда зерделеудің ғылым үшін берері көп.

Әкесі — Әбу Нысанбайұлы («қазіргі әкем» дейді. — *Авт.*) шопан, «қақпаны қанды, мылтығы майлы» саятшы болыпты. «Домбыра, сырнайды жап-жақсы тартатын шабандоз, мерген адам» депті өзі бұл жайында. Анасы Ажаркүлдің әкесі Әмзе де Есабыз қышпактағы «он сауағынан өнер тамған ұста, еткіші» екен. Рахия Әбіләшқызының мәліметіне, әншілік әкесіне «нағашы жұртынан дарыған». Азанды есімі — Әбіләш, тегінің «Нысанбаев» болып жазылуы әуелде атаның бауырында өсіп, тәрбиесін көруінен сияқты. Оның жайын «Үлкен шал Нысанбай домбыраны бірсыдырғы әдемі тартатын, әжем Жұмакүл өленді жақсы айтатын» дегеннен де аңғаруға болады [Алаштан әні озған Әбіләш...].

Әнге деген ықыласы ерте оянған науша Әбіләш көркемөнерпаздар үйірмесіне мектепте жүргенде қатысады. Онысын «Мен үшінші класта ән салдым... Бұл соғыс жылдары» деп еске алады. Заманында италия билеушілерінің құлақ құрышын қандырған, XIX ғасырда Ресейде ерекше сұранысқа ие болу арқылы казак мәдениетіне енген шекті маңдolina аспабымен. Досмахан Сұлтановтың сүйемелдеуімен алғаш айтқан әндері «Жетім қыз», «Ақайша», «Ақсиса», «Илигай». Мұның жайын да күнделігінде жазып қалдырыпты. Өкінішке қарай, бұл шығармалары таңбаланған ұнтаспалар сақталмаған. Соған қарағанда кейін, қайта жаңғыртып айтпағанды болуы да мүмкін. Өйткені, қас өнерпаз науша күнінде айтқандарын кейін қайталауы сирек кездесетін жайт. Өлгі аспапты кейін өзі де меңгеріп алыса керек. Сондықтан өзге ұлт әндерін айту кезеңін осы аядан іздеген жөн. Ал мектеп сахнасында «Бала Жамбыл» атанып жүргенде Қ. Айымқұлов, А. Молжігітов, Д. Смаиловтардан дәріс үйреніп, үлгі-өнегесін жетілдіріпті. Міне, оның дәстүрлі ортада қанаттанып, өмірін өнермен өрнектеуі осылай басталыпты.

Әншінің көкірек алауын маздатқан маңызды жайт ретінде 1952 жылы Нартай ақынға ұшырасып, бата алу уақытасын тілге тиек ету керек. Бұл — «сексен әннің басын қосқан» сері ақынның тым жантаймаса да: «Ал, Нартай, алпыс екі келдің жасқа, / Шаш түсіп маңдайыңнан болдың қасқа», — деп шау тарта бастаған шағы, «Әзірлер білер Нартаймын, / Нар да болсам, қартайдым» деп «сыр қылып айтқан мұңды термесі Әбіләштың есінде сақталған» уақыттардың шамасы (Алайда, аталмыш терменің 1956 жылғы тұңғыш жинаққа еңбеуі, керісінше, Ә. Тәжібаевтің «Нартай ақын» деген беташар жырдың өзегіне өріліуі түсінікті). Әбіләш көркемөнерпаздар арасында өткен байқауда ән салғанда төраға болып отырған Нартай (бір деректе: «Астында ала биесі бар, демалыста жүрген Наркең клубқа кіріп келіп, жасөспірімдердің концертін көреді». — *Авт.*) келіп, бетінен сүйіп: «Балам, дауысың жақсы екен, бердім батамды», — десе керек. — Мен ол кезде пионермін. Нартай ағаның қартайған шағы еді. Сол сөз көз алдыма кетпейді», — деп еске алады әншінің өзі [Шәкәрімов Ж. Нартай мақамы // Қазақ әдебиеті. — 1975. — 12 желтоқсан].

Уақиғаның 1953 жылы наурыз айында болғанын айғақтап: «Балам, дауысың жарайды екен, бірақ қосылып айту жолдары былай болады» деп өзі домбырамен орындап көрсеткен еді», — дейтін де қосалқы мәліметтер ұшырасады [Дүйсенбаев И. Ән шырқаса Әбіләш // Ленин жолы. — 1979. — 29 июнь]. Түп мағынасы ортақ болғанымен, ауызша жеткен сөздің көңіл күй мен уақыт бедеріне қарай, тілшінің жеткізуіне байланысты азын-аулақ ауытқитын кездері болады. Қалай десек те Ж. Шәкәрімов әншінің болмысына үніліп, өнербаян мәліметтерін жүйелей келе: «Нартайдың көзін көрген, одан қуат алған», — деп орындай бағалап, дауысының мүмкіндігі мен ауқымын «теменгі октаваның соль нотасынан екінші октаваның соль нотасына дейін жетіп, еркін ала білетін тазса, ашық тенор. Қай



Қаратау сілемдері Шиеліге маңдай тіреген жерде құрмеледі. Мәдени шеғарасы «Сыр бойы» өлшемінде қиялау бұл өңірдің ән нақышы басынан талай көш жөнелген кәрі жоталарды өрлеп, күнгей мен теріскейді бойлап, Бетбақтың белі арқылы Сарыарқаға иек артатыны сондықтан. Көне күмбірдің тірілуіне заттық айғақтар арқылы тыныс беретін археология ғылымы шиелі топырақтағы Сауысқандық шатқалы ежелгі тұрақтардың бірі екенін анықтап отыр. Өлкеден табылған таңбалы тастағы антропоморфты сюжеттер мен бейнелер соған меңзейді. Ал оның жаңғырығы әдебиет пен өнердің өзегінен көрініс табуы заңды.

Әкімшілік бөлініс ыңғайы белгілі бір облысқа еншіленіп жүргенімен, әрісі былай тұрсын, бергі Оғыз дәуіріндегі Қызылқала — Шиелі жеріндегі мәдени мұраның түбін түрте бастасаң Сырдағы эпикалық дәстүрге тән көмеймен жыр айту мәнерінен өзгеше прото арғын, қыпшақ, қоңырат, найман этник бірлестіктерінің музыка мәдениеті жұқаналары белгі бере бастайды. Иә, бір кезде оны Арқадан жұғысып, Нартайлық нақышқа негіз болды деген де байыптау жасағанбыз. Бірақ ғылым бір орында тұрмайды. Сол ескі өрнектің сілемін кейінгі буынның көкірегіне көшірген дәнекер әнші, термеші, ақын, ұстаз Әбіләш Әбуовтің айтушылық үлгісінен де көреміз.

Нартай алаған нақыш

нотаны алып шырқаса да еркін, күшті әрі мәнерлі жеткізетінін» жазыпты. Бұл — әнші Әбіләш өнерінің өресі жайында маман білдірген алғашқы әрі кәсіби баға.

Кейде зерттеушілер «ұстаз» бен «шәкірт» арақатысына орай үстірт пікірлерге ұрынып жатады. Қалып алған пікірлер бойынша «ұстаз ізіне ерген шәкіртке қолдап үйрететіндей» әсер қалдырады. Негізі, далалық дәстүрде жағдай сәл өзгешелеу. Үлгі иесі «пір» тұтқан ұстазын ғұмырында жалғыз-ақ рет көруі мүмкін. Ұлық ұстаз да солай. Ал топ алдында қол жайып бата беру, сөйтіп ұстаз бен шәкірттің өзара ымыраласуы — шәкірттің хатырша-дипломға ие болуымен бірдей. Жалпы, шәкірттің өмірінде жалғыз тәлімгер емес, ұстаздар жиыны болады десек, ғылыми ақиқаттан алыстасамыз анық. Өлгідей, сәттік жүздеудің өзі өнерпаздың ғұмырына алтын арқау болып тартылуы әбден мүмкін. Бірақ Әбекең Нартайды «Қызылдиқанда оқып жүргенде» тыңдағанын, сондай-ақ «ауылға Нартай бригадасы келді деп естісе концерт болатын, концерттен кейін жыр айтылатын үйге жұрттан бұрын келіп, таң атқанша ән тыңдайтын», ал «Нартай әндерін 1961 жылдан сала бастағанын» айтады ғой. Алайда, осыншама деректің ең болмаса бірі, ғылыми жетілген елдердің тәжірибесі көрсетіп жүргендей, дер кезінде ұнтаспаға жазылып қалдырылмағаны өкінішті.

Ақиқаты сол, қызыл жолбарысты жыр алыбы Жамбыл «қасқа маңдай, шешен таңдай, сөзің дәмді шекер, балдай» деп ұлықтаған сал Нартай науша Әбіләшқа «Бердім батамды» депті. Болды! Дүйім елдің көзінше дуалы ауыздан шығып, белгісіз бекітілген сыңар ауыз уәлі сөз шәкірттің көкірек көзін ашып, дәстүрдің даңғалыс келдір-бұдырына түсіп, саналы ғұмырын азапты әрі ләззәтті жолға салуына жетіп жатыр еді. Олай болса, өзегіндегі өрнегі Сарыарқа мен Сыр саздары арасындағы алабөтен қоспа болып будандасқан Әбіләшқа ғана тән қолтаңбаны басқа айтушылардың үлгісімен шатастыруға болмайды. Бұл өзі есте жоқ ескі күндерден, сонау сал-серілік дәуірлерден бастау алып, бір шеті жапондардың көне кастальк «бусидо жолы» кодексіне (дәстүрге алалдық) негізделген «қудиретті жел» этикасы арқылы әскери аристократия ұғымымен астып жатқан, синтоизмдегі жанкештілік салтпен сабақтас дәстүр. Кейін құбыла келе өңі өзгеріп, сал-серілік дәурендегі магиялық маңызынан арылып, дәуірлер ыңғайымен бірыңғай өнерпаздыққа ойысқан тұста көне нақышты Нартай өзіне, өңін өзгертіп тұтынып, соңғы жұқанасын Әбіләш таңдайға татқан болатын. Әрине, шәкірттері Нартай әуенін тұмса қалпында жеткізе алмағаны анық. Болса да, кезінде қолда бар мүмкіндіктерді сарқа пайдаланып, жазу техникасының талай түрі шыққан уақытта да Наркеңнің дауысын жазып қалдыруды ойлаған ешкім жоқ.

Жалпы, әуелде біртөнәлі тілшілік пневматикалық механизмге негізделген гармонь аспабында шыққан түпнұсқа әуендер домбыра сүйемеліне көшкенде өңі өзгеріп сала бергені айтпаса да түсінікті. Әнші Әбіләш ұстазы Нартай нақышын домбыра сүйемелімен айтқан санаулылардың бірі. Жалпы, қай шығарма болсын, дәстүрлі негізі сақтала отырып, айтушының өзіндік таңым, түсінігімен импровизация жасалып, интерпретация көрінінен оту арқылы жасанып, жетіктіріліп айтылуы тиіс. Сондай сәтте әннің астары жанаруы, керісінше, бәсі кемуді де мүмкін. Нақты тасқа басылған үлгі-таспа қалмаған жерде мұның жайын қозғау қиын. Айтушылық дәстүр тарихында аталмыш жайттарға мың сан мысал бар. Жалпы, әлемдік фольклортану

ғылымы анықтап, белгісін бекіткен қағида бойынша, үлгі-машықты көзсіз көшірме жасаудың өзі сауаттылықтың көрсеткіші бола алмайды. Ән әуезін белгілі бір дәстүр негізіне сүйенсе отырып өзгертіп, түрлеп, әрлеп, қосып, алып, өз деңгейіндегі түсінігін жырлаушының бәсі ересен биік тұратыны сондықтан.

И. Дүйсенбаев Әбіләштің талантын тап басып, өнер жолына түсуге ықпал жасаған Нартайдың баталы шәкірті, «өнін үйінде тұрып, өз аузынан үйренген» А. Молжігітов екенін тілге тиек етіпті. Мұның жайын, сондай-ақ Наркеңнің өнін үйрену үшін 1972 жылы Ташкентке Құтбайды іздеп барғанын, бірақ жолығудың сәтті түспегенін әншінің өзі де растайды. Сөйтсе, Көкең «сол жылы дүниеден қайтқан екен» [жеке қолжазба мәліметі. — *Авт.*]. Үнемі ізденіс үстінде жүретін Әбекеңнің «көп үйрендім» деп «Нартай бригадасының» мүшесі М. Әділовті ерекше атағанын, сол ұжымда қызмет еткен «Балқашбай, Арзулла, Қазықан, Шамшаттың да маған көмегі көп болды» дегенін орында атап көрсетіпті. Содан соң 1957 жылы Алматыда, жастардың республикалық тұңғыш өнер фестивалінде қазылар алқасының құрамында отырған Е. Брусиловский мен М. Ержанов 21 жастағы Әбіләшті сахнаға шақырып, Жауа Мұсаының «Ақсисасын» қайта орындатқанын, оның ашық дауысы мен айтушылық шеберлігіне баға бергенін жазыпты. Аталмыш пікір түрлі күзеу мен түзеуден, бақылау мен байынтан өткен соң жарияланатын цензуралы кеңес одағының күлбілтесіз, салмақты сөзі екенін ескерсек, тап сол тұста екінші біріне бұйыра бермеген ұлықтау. Маңғаз Манарбектің «Бұл ән сенің тамаша таланттыңды танытып тұр, тек оны жоғалтып алмайсың» деген сөзі «мені жігерлендіреді де тұрады» дейді екен ғой Әбекеңнің өзі [Ән шырқаса Әбіләш...].

Мақаладағы тағы бір тұщымды ой оның әншілік тағамы жайында: «...ол көрінген әнге қызықпайды, өз дауыс мәнеріне лайықты әнді әбден екіпеш, таңдап барып орындайды». Шынына бағу керек, журналистік бақылау демесең, сындарлы ғылыми бағалаудың жүзін көтеріп тұрған пайым. Өткен, кезінде айтушылық өнердің тамырына түсіп зерттейтін ғылым көлеңке тұста қалғандықтан, Әбіләш сияқты саликалы әнші, термешілердің айтушылық дәстүрдегі дара қолтаңбасы зерделенді келе жатқаны өкінішті. Әйтпесе, осы мақалада айталғандай, ол сахнаға көтеріліп келе жатқанда көрермен «Нартай келді, Нартай келді!» деп дүрлікпес еді-ау. Ұлы дәстүрдің сабақты жібін жалғап, өзінен кейінгі көштің бұйдасын ұстаушылар қатарында «Ал қазір менің орындау стилімен көшілікке қызмет етіп жүрген шәкірттерім Өлмырза, Әскербек, Кемал інімді де мақтан тұтамын» деуі оның ұстаздық парасат биігіне көтерілгенінің белгісі. Алдында ұстанымы биік ұстазы болып, сонына саналы шәкірт еріткен жанда арман аз ғой.

Жалпы, Әбіләш Әбуов жер басып жүргенде мемлекет тарапынан тиесілі бағасын алды ма? Ол жайында «...таланты көзі тірісінде бағаланған» деген пікірді оқып, шынымды айтсам, таңғалдым. Кейде біздің осындай жел сөздерге ерік беретініміз-ай. Тірісінде бағаланса Е. Көшербаев «Біз Әбіләшқа осы күнге дейін өзінің лайықты бағасын бере алмай келе жатқанымыз өкінішті-ақ» [Ленин жолы. — 1990. — 4 сентабры] демес еді ғой. Мұның жай-күйін бір кісідей білетіндер «Дәрежесіне қарай атақ беруге ұсыныс жасалса дейміз» [Байділдаев М. Ақындар айтысынан кейінгі ойлар // Ленин жолы. — 1985. — 22 июнь] деп не үшін шырдылды? Содан соң дүние саларынан жыл бұрын жарияланған «Днепродзержинскіе ҚР тұңғыш Президентінің қатар оқы, бір



бөлмеде тұрғаны... екінші Екатерина салдырған алтындалған сарайда Ғазиздің әнін шырқағаны... студенттік думанды күндер артта қалып, досының Теміртауға шақырғаны...» жайында жазылған мақаланы шолып шықтым [Шидебаев Е. Ай маңдайлы арысым // Сыр бойы. — 1996. — 11 шілде]. Ауылда қалған қарт ата-анасына алаңдаған ол әлгі ұсынысты қабылдауға жүрексіне керек. Тағдыр ғой. Содан, арада пәленбай жыл өткенде, бағы «қанды көйлек досы» келіп іздепті.

Ақыры не болған дейсіз ғой? Арал мәселесімен Қызылордаға табан тіреген Елбасы тұн шінде көлік жіберіп, досын алдырыпты. Ертеніне дарияның жағасындағы бакта жүріп сырласыпты. «...Мені қолықтап алды. Отбасымды сұрады. Сөзімді ыждағатпен тыңдады. «Қырық жыл ән айттың, атағың бар ма?» деп сұрады. Мен басымды шайқадым. «Сонда біз атакты кімге беріп жатырмыз?» делі де, өзге әңгімеге ауысып кетті». Бұл — әншінің боямасыз төл сөзі. «Маған айтар бұйымтайым бар ма» — десе, — Ешқандай бұйымтайым жоқ, Нұреке» депті, иманды болғыр [Нәрікбаев М., Исмаилов О. Бақыттың қиын баспалдақтары: Сұхбатнама. — Алматы: Көзқарас, 2004. — 472-б]. Қап-ай, біреуден төменшіктеп бірдене сұрап, сұғанақтық жасаудың жайын білмей өскен ақ жүрек, әулие пейілді-ай. Тап алатын жеріне келгенде де дәм-мим демегені ғой. Әй, бірақ өзі біліп бермеген нәрсенің бәрі бекер емес пе?!

Әлнештен әншілігін әбзелдеген

Әншіден қалған қолжазбалармен танысу үшін жеке мұрағатына үңілдім. Қолының табы тиген дүниелерді қызы көзінің қарашығындай сақтап, аялап отыр екен. Соңғы бетінде «Биік шыңға қиялай ұшып қыран да шығайды, өрмелеп жылдан да шығайды» деген авторлық таңба соғылған шағын көк, одан кейінгі қызыл, қоңыр қойын кітапшаларға, негізінен, заманында ара-ласқан жандардың мекен жайын, өсиет сөздер жазып күні, айы, жылына дейін көрсетіп, күнделік жүргізіпті. Одан өзге әлдегі дәптердің үшеуіне өзінің өлендері, қалғанына репертуары жазылыпты. Мұғалімдігінен, әлде талайым табиғатынан болар, әйтеуір қағазға ұқыпты екені білілді. Ал жанының жайсаңдығы әбден сарғайып, өңіп кеткен қолжазбадағы таңғы шықтай мөлдіреген қолтаңбасынан көрініп тұрды. Біздің іздегеніміз де осы — репертуарының жайы еді.

Ақындық қабілетінен бейхабар былайғы жұрт оны әнші, термеші деп қана білді. Ол айтқан әуендердің вербальдық сыңары — мәтінмен қарым-қатынасын тұстап танып, импровизация жасап, интерпретациялау арқылы шығарманы өзіндік пайыммен түрлендіру дәрежесін анықтау үшін өлең құрау қабілетінің болуы маңызды. Міне, сол қасиеттің шеті шықты. Мысалы, ірі жиындарда, егін-терімде «Әбекең өз жанынан құрап арнау айтатын» десе [Айын А. Сыр өнерпаздары ән әулетіп, жыр тербеді // Өскен өңір. — 2016. — 30 наурыз], келесі автор «тек әншілік емес, ақындық талантының оянуына туған жердің киелі топырағы әсер еткенін» топшылапты [Ортаев Т. Жарқын жылдар жадымда // Өскен өңір. — 1996. — 2 қазан]. Демек, оның жазба ақын ғана емес, алқаға түскенде белгілі бір ән, термені құбылтып айта алатын түрлемшісі, сөз сайысында ауыздығымен алысып ала жөнелетін суырыпсалма да болғаны.

Мұрағатында біраз шығармалары (өлең, арнау, айтыс) сақталыпты. Жарық көрген «Қиял», «Қаратау», «Ән» тәрізді өлеңдерінен «Кең дала көркем сурет» секілді соны бынае, ал «Таң атқанда желпіген ақ самалдай... / Шер-

бетім де, дәрім де асқақ әнім...» деген жан тебіренісінен «қиялы қияндарға жетелеген» жанның әлемге ғашық жүрегінің лүпілі сезіледі. Қолтаңбасын жанартып, кейін қызына айтып отырып, қайта көшірткен үлкен қолжазба дәптерге 53 өлең тіркеліпті. Сондай-ақ «Ақындар шықты айтысқа» айдарымен Телікөл мен Еңбекші совхоздары атының Құралбек Бекшебаев [Өскен өңір. — 1975. — 17 июнь] пен Қазақ ССР-і мен Қазақстан компартиясының 60 жылдығына орай, науқандық шаралар ыңғайымен Ұмытшақ Ықыласовпен [Өскен өңір. — 1980. — 8 июль] арадағы жазба айтысы сақталыпты. Сөз сыйайына қарасаң қарсыласы Құралбек те оңай сойдан емес сияқты. Алайда: «...Саралап қай жағынан көз салсаң да, / Таразың тең түсе алмас салмағым» деген алғашқы жауап сөзімен-ақ өзінің оңай сойдан емесін көрсетіп, қарсыласын матап тастау тәсілін қолданған Әбекеңді өлең өлкесіне жолдан қосылған ақын дей алмайсың.

Оның белгілі бір ақындық ортадан тәлім түйгені Ұмытшақ екеуінің айтысынан да байқалады. Салған жерден: «Мен келдім айтысуға Телікөлден, / Мәртебем биіктеп тұз озып елден. / Қозбайды қай ақынның дөлекесі, / Бұралған тал шыбықтай сені көрген?» — деп суду қыздың буынына түсіп, бірден төтелеп, төтелеп ала жөнелетін тасқа басылған таңбалы сөздің тым шымыр, өткір, кемерлі, деректі дәріпне қарап отырып, «Шарпы топта қолма-қол суырып салды ма, әлде жазып айтысты ма екен?» деген шешімі шиеленісті сұрақтың құрсауында қаласын. Жалпы, Сыр бойы шайырлары арасында жазбаша айтыс ерекше дамыған. Әуелі жазып шығарып, оны жаттап алып, шарпы топта қайта түрлеп айтып шығу дәстүрі де болған. Қалай десек те, бұл сөз сайысының кезінде қай түрде өткенін енді анықтау мүмкіндігі алыстап кетті. Сондықтан, Әбіләштің ақындық деңгейі мен шарқын енді тек жалаң мәтінді талдау арқылы ғана бағамдай аламыз. Әрине, соңында қалған өлеңдері мен айтыстарына толық талдау жасауға бұл жерде орын тар. Ал аталмыш тақырыпты өз алдына жеке қарастыру — келешектің кезек күттірмейтін шаруасы.

Ә. Ноғайбаев: «Репертуарында көп терме толғаулар болды» депті, қызы Ақмаралмен жасаған сыр-сұхбатта. Мәселе сонда, осы «көп» деген сөзді нақтылай түсуге бола ма? Айтушылық дәстүрдегі ғылыми негіз бойынша әуелі әнші, күйші, термеші, жыршының репертуары анықталып, соның аужайы тексеріліп, талданып тиіс. Өкінішке қарай, әлемдегі озық нызамдардан қозы көш кейін қалған казак фольклортануы мен этномузикатану ғылымының өнісіне тиесілі бұл ахуал озық әдістеме, нәтижелі әдіснамалардан бейхабар кейіпмізді көрсетеді. Соңғы бір ғасырда өткен аты данды ақын, жыршы, домбырашы, термеші, әнші, күйшілердің ең болмаса біреуінің репертуары толық таңбаланбапты. Бұл жүдеулік нені білдіреді? Тағы да сол, ұлттық мұраны арна балап, насихаттауға саналы ғұмырын арнаған асылдардың көзі тірісінің де, бақилық болғанының да көкірегіндегі халық қазынасын санап, жүйелеп, реттеп, кезеңімен, кезегімен сарқып жазып алып, көздеге жаратып, ғылымның еншісіне айналыдырып, әлемдік деңгейдегі осы тектес құбылыстармен салыстырып, салғастырып отыратын сауатты жүйенің дамымай қалғанын көрсетеді, әрине. Өмірбаян десе ұлықтан алған алғыс хатын жазып, атак-дәреже көрсетіп, гастрольдік сапарға барған жерімен мақтануды әдет еткен бүгінгі қазақы қалыптан арылып, оның орнына толық репертуарын, қандай шығарма білетінін әдетке айналдыратын күн қашан туар екен деп ойлаймын, кейде. Міне, осындай мақсатпен біз де Әбіләш айтқан, таспалатқан, соңында қалған мұраның жайын жиып көрсетуді жөн деп білдік.

«Репертуарымының көпшілігі Ақан, Біржан, Мәди, Естай, Нартайдың және халық әндері» депті өзі бір сұхбатында [Жәрікқұлов Т. Нартай әні // Лениншіл жас. — 1973. — 29 июнь]. Мұның себеп, салдарын ілгеріде аз сөзбен аңғартып өттік. «Ол әуелі Нартайдың «Үш толқының» үш түрге бөліп шырқайды», — депті Ж. Шәкәрімов, — Ал «Қызыл Москва», «Жақасека арнағаны», «Қол-хошшыларға», «Нартайдың Айман-күлге хаты», «Дарига, кетер едім Сыр

бойымен», «Октябрь — ұлы мейрам, ұлы күнім» әндері Әбіләш репертуарынан мықтап орын алған [Нартай мақамы...]. Алайда, аталмыш туындылардың нақты қайсысын қайда, кім жазып алып қалды екен? Мәселенің тап осы тұсына келгенде әңгіме сырқұйымшақтана береді. 1967 жылы құрылған «Сыр сұлуы» ансамблі құрамында ол Мәскеуде өткен онкүндікке қатысты. Ұжым жайындағы телефильмге «1970 жылы Әбіләш та түсті» [Ән шырқаса Әбіләш...]. Сол мұрағат мүлкі қазір қайда, оның жайын інетіп жүрген жанашыр жан бар ма? Осы автор 1978 жылғы 11 шілдеде республикалық телевидениенен «Халық казынасы» айдарымен Н. Бекежановқа арналған хабар өткенін, «Онда белгілі ғалым, ақын Ә. Тәжібаев Нартай поэзиясы жайында әңгімелеп, Ә. Әбуов әндерін айтқанын» жазады [Ән шырқаса Әбіләш...]. Әзірге мұны да іздегіріп жатқан жауапты мекемені көрмедік.

Шиелі аудандық «Жас дәурен» ансамблі Ташкентте концерт беріп, ұжымның құрамында сахнаға шыққан Әбіләштің айтуындағы «Нартайдың термесін» Өзбекстан телевидениесі түсіріп, халыққа көрсеткені жайында жазылды осыдан қырық жыл бұрын [Түмбайбаев Қ. Жақсының көзі // Қазақстан мұғалімі. — 1986. — 5 январь]. Автор Мәскеуде өткен Қазақстан өнер шеберлерінің апталығына қатысып «Ыбырай Жақиев», «Әйелдерге», «Октябрь — ұлы мейрам», «Ұлы күнім» (Нартай), «Ғазиз», «Туған ауылым», «Өз елім» (Н. Тілендиев), «Шай-шәй, қойым» (М. Ержанов), «Бейбітшілік үндеуіне» (Ү. Кәрібаев) деген шығармаларды орындаған әншінің «өнерпаз ұстаз» келбетіне тоқталды. Кейінгі жылдары «YouTube» арнасынан оның айтыс бағдарламасында Г. Тілеубекованың хабарлауымен Нартайдың «Еңбек еге болған...» деп басталатын Ыбырайға арнауын айтқан бейнетаспасы тарап жүр. Ал туған топырағындағы «Qyzylorda», «Qazagstan», «Хабар» агенттігінің «Алтын қорында» әншіге қатысты қандай бейнема териалдар сақталғаны әзірге белгісіз. Сақталса, осы мұраны жинап, жүйелі, монтирлендіруге жымыстанып отырған аудандық, облыстық, олардан да орылеуі жауапты мекемелер немесе мамандар бар ма? Тап осы түйінді тұсқа келгенде тағы да сол көп сұрақтың құрсауынан шыға алмай итідей береміз.

Жақсы, олай болса әнші Әбіләш өз қолымен жазған, мұқабада «Әбіләш Нысанбайұлы. 5 қазан, 1991—1992. Өлең, жырлар» деген таңбасы бар сары қолжазба мен екі жұқа дәптердің жайына келетін. Мұқабаның ішкі бетіне Нартай жайындағы ойын «Желсір-наймен желмайдая желетін Нартай әндерінің ішкі ірім-қайырымы, ора-лу-таралуы, ырғақ-екпіні, бет алуы, шарықтауы, тұйықталуы да дәстүрге айналды, жалғасын тауып келеді» деп түйіндепті. Ғажап қой! Одан әрі өз қолымен Әбубәкір, Бармақ, Бұхар, Өсет, Естай, Ақтамберді, Майлықожа, Сүйінбай, Бұдабай, Базар, Нартай, Кенен, Омар, Тұрмағамбет, Абай, Міржақып, Шәкәрім, Жүсіпбек, Маржан, Ахмет, Әбділла, Қалдыр, Фариза, Сейіл, Жәнібек, Шынболат, Рақым, Нұрманның шығармаларын, түрлі айтыс, мысал, беташарға қоса өз өлеңдерін, оқушыларға жазып берген айтыстарын, көптеген халық композиторлары мен халық әндерінің мәтіндерін жазғаны. Оның сюжетті эпикалық шығармаларды жырлаған жыршы емес, тек шағын жанрларды төңіректенген әнші, термеші, ақын екеніне нақты дәлелдің бірі — осы. Әлде өз қолымен тізімдеп (уақыты: 9. 04. 1991), жазып кеткен 21 ән, терме репертуарының бас-аяғын көрсетуі мүмкін бе? Олай болса, осы жерде тағы бір заңды риторикалық сұрақ туындайды. Аталмыш үш дәптердегі шығармаларды ол жаттап, өзіндік репертуарға айналдыра алды ма, жоқ әлде көшіріп, оқып, сіңіріп жүрді ме? Мәселе сонда, көзі тірісінде сауатты зерттеу нысанына айналды, айтқандары дер кезінде таспаланбағанын кейін бүл өзекті сауалдың жауабын енді еш уақытта таба алмаймыз. Ал ғылыми дерекнамалық ыңғайға сүйеніп айтар болсақ, өз қолымен таңбалап, қолжазба-лап, күндекті пайдаланған мүлкі болғандықтан, мұны Әбіләш Әбуовтің жаттап айтқан, бірақ түрлі себеп-салдарынан таспаланбай қалған репертуары болуы мүмкін деуге бейбіміз.

Ал көзі тірісінде айтуынан таспаланған өз, терменің нақты саны қанша? Кезінде «Әбіләш әндерінің пластинкасын шығару жоспарда тұр» десе де [Нартай мақамы...] онысың арада 10 жыл өткенде әрең іске асырыпты ғой, атыңнан айналмай, тасбақа тырбаңы көп кенес үкіметі. Сол кездегі мәдениет министрінің орынбасары Ә. Сыйғайдың көземеімен әншінің айтуында Алматы студиясында жазылған «Мен кімін?», «Өрендер» (Нартай), «Нартай термесі», Бейбітшілік үндеуі» (Ү. Кәрібаев), «Уғай-ай» (Ж. Жабаев) деген бес ән, терме жарық көрді [Нартай әуендері. — Ташкент. — Мелодия, 1985]. Әрине, келешекте мұндағы кейбір атаулар мен авторлар шартты екенін ескеру керек. Кезінде біз де оның айтуында «Қоймады бұл ақындық қашқанменен», «Өздерің білер Нартаймын» (Нартай) [Жүсінов Б. Сыр сүйелін сұрасаң. — Алматы, 2008], «Қимаймын», «Туған ауыл» (М. Рүстемов) [Жүсінов Б. Қайталанбас дауыстар: Сыр сандақтарының антологиясы. — Алматы, 2011] сияқты төрт ән, терме жариялаған едік.

Қызылорда облыстық радиотора-бының басшысы Ж. Бекқожаев 1985 жылы оның репертуарынан «Ақшол-пан», «Исаның желдірмесі», «Біздің ел», «Жонып алды», «Көп сәлем қазыналы Қаратаудан», «Қимаймын», «Кіріспе», «Өздерің білер Нартаймын», «Ойхой, дүние, серуен», «Туған ауыл», «Уғай-ай» секілді 11 ән, терме жазып алып қалыпты. Әрине, осы азғантай мұраның өзін таңбалауда жіберілген техникалық ақаулықтар өз алдына, арнайы сөз етуді қажетсінеді. Аталып, түстелген аз мұраны бетгестіріп, өзара салғастырған кезде Әбіләш Әбуовтің айтуында таспаланып, соңында қалған аудио-бейне таспаның толық есебі шығады. Репертуарының бас-аяғын бір шолып шыққанда терме-шілік сөз қоры Арқа, Жетісу, Сыр өңірінен өткен шайырлар мен кейінгі ақындарды; әншілік репертуары халық композиторлары, заманауи сазгерлер мен халық әндерін қамтығаны байқалады. Жалпы, дәстүр сөзі автохтонды ұғымға тән нұсқа екенін ескерсек, келешекте Әбіләштің айтушылық қолтаңбасындағы музыкалық неологизм мен алашұбарлық сырына тереңдей түсу қажет. Әрине, мұның жайын толық барлауға көзі тірісінде шығармашылығына қатысты жеке сұхбат жасалып, репертуарының толық мәліметі алынып, жүйелі таң-баланбағаны кедергі келтіре берері анық.

Мысалы, кәнігі жыршылар топқа салуға әбессінетін «Ақшолпан», «Қимаймын» тәрізді заманауи әндерді Әбіләштің жатысыбай айта беруді — белгілі бір ортада қалып алған этикалық, эстетикалық нормаларды қабылдамай өзгіндіде болатын негизм емес, керісінше, дәстүрдегі неореализм көрінісі. Келешекте оның айтушылық қолтаңбасының модель, құрылым, мән, мағына, мақсатын ашып көрсететін, өзін танып, қайта таныту ерекшелігіне орайласқан ноологиялық талдау жасалу арқылы жалпы айтушылық дәстүрдегі музыкалық неосфера мәселесі құнт-талдау зерттелуі тиіс. «Біздің ел» деген термеде ол Сыр бойының саз-сарын үлгісін өзіндік мәнерде қолданыпты. Әрине, мұнда «кете-шөмекей» арасындағы жыршылық дәстүрге тән домбыра қағысы жоқ. Бәлкім ол өңірдің мақамдарын өз денгейі, дәрежесінде менгерме алмаған да болар? Осындай, дәстүрге толық кіріге алмаудың астарындағы сырдың шет-шепірін этник ерекше-лікпен байланысты «кірмелік» мәселе-сіне қатысты пікірімізде білдіріп өттік. Негізі, жүйелі зерттеу жұмысы осындай, айшықты көріністерді анықтап, белгісін бекіте түсу үшін қажет.

Ол Нартайдың «Кіріспе» деген әнін, жалпы дәстүрде ұшыраса бермейтін қайырмамен бастапты. Онда да кіріспе-зачинге «Аққайың, жалған-ай» деген мүлде өзге әннен көшкен қайырманы қолдана салады. Зерделеуді, неге бұлай еткенін анықтауды қажет ететін фактор ма? Иә, тап соның өзі. Ал бір әуенмен бірнеше термені қатар орындауы — мақам қорының аздығы ма, әлде сана-сына сіңіп, әбден орын теуіп қалған тұрақты саз-сарындардың әлсіз-әлсіз, ырықсыз түрде көрініс беріп отыруы ма екен? Мұның да себеп-салдарына көз жеткізу үшін әншінің айту стилін толық талдау керек. «Ойхой, дүние, серуен» деген терме мәтіні бірнеше ұйқасты біріктірген, құранды түйдек-тер жиынтығы екені көрініп тұр. «Ба-тырмын деп мақтанба, / Ажалын жал-ғыз оқ болар» деп басталатын ұйқас күрмелер тұста айтушы импровизация жасап, 3—4 жолға «Біліміңе мақтанба, / Білімің жанып шок болар» деген тың тармақ қосады. Сөйтіп, азын-аулақ алып-қосулар арқылы мәтінді өзінше жасақтауға бейім түрлемелілік ерек-шелігі терменің күрмеу тұсындағы, алдыңғы ұйқастарға мүлдем қатысы жоқ «Сайра тілім, жалықпа, / Қызмет ет халыққа» деген қос жолда анық көрі-неді. Ал «Маузыраған тамылжың дала қандай...» деген мәтінмен басталатын «Туған ауыл» әнін бұрын өзге әнші-лердің айтуынан естімеген екенбіз. Оның дауысындағы тансарідегі боз-торғайдың үні тәрізді трель осы әнде ерекше байқалады.

Сахнагердің сүйікті әні деген ұғым бар. Оны өз саналы әрі бейсаналы түрде еркінен тыс қайталап айта беруді мүмкін. Кейін әлгі туынды айтушының жан сырына айналады. Өбекеннің ре-пертуарында «Қимаймын» деген ән болатын. Иә, екінші бірі білетін, тіпті қолайына қарай қостап, ыңылдай жо-нелуге ыңғайлы осы әуенде алапасы асып-тасып тұрған алабөтен шалқу да жоқ. Сарғайған сағының табы ғана бар. Алғашқы екі жолдың бас буыны бірін екіншісі дәл қайталау арқылы, тармақтың соңын ала әуелейтін шағын мелодия үшінші жолда өз биігінде тұрып мына жалғанды не үшін қи-майтынын баян етеді. «Ұясына бат-қан күнді... ерте солып жатқан ғүл-ді қимаймын» деп басталатын әуен «Өрнінен де, бәрінен де, жан достар, / Алыс кетсем жүздеріңді қимаймын» деп жуасиды. Тындап отырып, арамыз-дан алыстап кеткен асыл ағаның мына шырын дүниені қия алмағанын сезіп, қиналасың. Бесінші мұшелдің күрмеу тұсында, қазақ «екі жастың біріне кел-мей кетті» деп өкініш білдіретін алыс бір жасында ғұмыр дәптерің беті жабылған әнші ең соңғы, жан беретін сәтте: «Е, жалған дүние-ай!» — деп бір күрсініп алып, жүзін құбыла бетке қарай бұрыпты.

Берік ЖҮСІНОВ,
фольклортанушы



ӨТКЕН КҮННІҢ СӘУЛЕЛІ ШУАҒЫ

Қағаз бетіне түсетін дүние өткен күннің шуақты белгісіндей болған, сағынып еске алатын балалығымның кейбір тәтті кезеңдерінен сыр шертпек. Туған жерім — Арал ауданынан әрі 260 шақырым қашықтықта орналасқан Құланды елді мекені. Тынымсыз еңбектің қазанында қайнаған, қонырқай тірлігі бар, аузын ашса жүрегі көрінетін қарапайым еңбек адамдары мекен еткен құмды өлке. Жастығымның күз-сі, өткен күндерімнің жаңғырығы, сағынышымның парағындай туған жерім.

Атам Қазтуған — аузынан шүкір-шілгі түспеген жан. Бір шиден екі ба-ласы мен әйелін шығарып келіп, жаны мен жүрегі езіліп отырғанда айтқан сөзі шүкіршілік екен. Содан менің әжем Зибаны алып, бір қыз, үш ұл өмірге келген. Қазір әулет мәуелі бәйтерекке айналды. Әкемен бірге туған Зейнел апам 1982 жылы 54 жасында өмірден озды. Апам көрші Ақбасты елді мекеніне тұрмыс құрып, сонда тұрды. Мектептен демалысқа шықсақ, сонда тартып отыратынбыз. Өте бауырмал, тапқан-таянғанын аузымызға тосып бәйек болатын. Қайтар кезде әжеме бөлек сәлемдемесін, әке-шешеме қал-та-құлтасын дайындап, үлкенге қалай құрмет жасайтынын көрсететін.

Әкем Қуандық пен шешем Тәрбия — ауылдан ұзамай, адал еңбекпен нә-сібің терген еңбеккер, қарапайым жан-дар, бауырынан жеті бала өрбідік. Қам-қорлығын сөзбен жеткізе алмаймын. Бізді ұл-қыз деп бөлген жоқ. Барлы-ғымызға қаладан баспана алып берді. Анам сөзге ұста, бірақ көп сөйлемейтін, әр сөзі мұрда оғындай өткір кісі болатын. Әке-шешемнің нұры пейіште шалқысын.

Кіші әкем Молдағали өте сауатты, көзі ашық, түбектегі 8 жылдық (ол кез-де мектеп 8 жылдық) мектепте оқыса да, орыс тілі, математикаға жүйрік болатын. Жаны таза, біреу үшін шы-найы қуана алатын жан еді. Жайы жоаннаттың төрінде болғай. Ал Құдай қосқан қосағы Манар шешем қазір ауылдағы қарашырақта, жеті бала-ның ақылшысы болып отыр.

«ПАРЫЗ» КОНКУРСЫНА ҚАТЫСУҒА ШАҚЫРАМЫЗ

«Парыз» — бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі Қазақстанның жеке кәсіпкерлік субъектілерінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік принциптерін қалыптастыру мен ілгері-лету және оларды осы саладағы өз үздік тәрбиені енгізуге ынталандыру мақса-тында жыл сайын өтетін конкурсы.

«Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы туралы» ҚР Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №523 Жарлығына сәйкес, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, «Атамекен» дауыс Қазақстан ұлттық экономикалық палатасы мен Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлер Федерациясы — конкурстың ұйымдасты-рушылары болып табылады.

Жеке кәсіпкерлік субъектілері қатыса-тын Конкурс өңірлік және республикалық деңгейлерде өткізіледі.

Конкурс лауреаттары атақтары («ша-ғын және орта кәсіпкерлік субъектісі», «ірі кәсіпкерлік субъектісі») санаттарында келесі номинациялар бойынша беріледі:

- 1) «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіп-орын». Бұл номинацияда өз персоналын қолдауға бағытталған әлеуметтік бағдар-ламаларды (еңбекақы мен әлеуметтік төлемдерді төлеуді, еңбекті қорғауды, кадрларды кәсіптік даярлау және қайта даярлау жүйесін ұйымдастыру және т. б.) іске асыратын үміткерлердің қызметі қаралады;
- 2) «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын». Бұл номинацияда еңбек қыз-меті процесінде қызметкерлердің денсау-лығын сақтауға мүмкіндік беретін еңбек жағдайларын жасайтын үміткерлердің қызметі қаралады;
- 3) «Үздік ұжымдық шарт». Бұл но-минацияда ҚР заңнамасында қарасты-рылған, қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын едәуір жақсарта-тын және ыңғайлатын ұжымдық шарттар қарастырылады;
- 4) «Экологияға қосқан үлесі үшін». Бұл номинацияда қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға бағытталған табиғатты қорғау (экологиялық) бағдарламаларын іске асыруда ерекше көзге түскен үміт-керлердің қызметі қаралады.

Конкурсқа қатысу тегін болып табылады.

Сөзімді сабақтай отыра, әңгімені ортаншы әкем Қуанышқали мен жеңгем Несіпкүл жайлы қозғамаспын. Бүгінгі көңіл тебіренісімнің басты түрткісі де осы кісілер.

Қуанышқали әкем — облыс көлемін-де қызмет атқарып, еңбегімен құрметке бөленген, қарапайымдылығын ел аңыз қып айтатын дара адам. Бізге үнемі «Қуандық ағамның арқасында қалаға кеттім. Әке-шешемізге қарайлама, өзім бағамын. Сен оқы, ауылда қалып қойма. Оқы, оқы деп қалтама қаражат салып, болашағыма жол сілтеген ағам еді» деп айтып отырады. Ойланып қарасам, сол кезде інісіне қолдау көрсетіп, ауыр жүкті мойнына арқалаған, бауырын ала жетелеген әкем бар-жоғы 20 жаста екен. Әлі бұғанасы қатпаған жігіт іні-сінің бойындағы білімге құштарлығын байқап, ауылда қалса көптің бірі болар, жер көрсін, көкжиегі кеңіп, ел аза-маты болсын деп үкілеп шығарып сал-ғанына қарап әкемнің азаматтығына, бауырмалдығына тәнті боламын.

Әкемнің қолдауымен 1959 жылы қалаға жол тартқан Қуанышқали аға-мынның жолы болды. Жоғары оқу орнына түсті, қызметке орналасты, өмірлік серігі Несіпкүл жеңешеммен бас қосты. 1967 жылдың қараша айында үйленіп, 4 баланың ата-анасы атанды. Несіпкүл жеңешем — Түркістанның тумасы, Ал-даберген мен Зұлфайымның отбасында дүниеге келген жалғыз қыз. Артынан ерген Адырбек есімді бауыры бар. Жеңем ауылға келіп болып келгенде бар-жоғы бір жастағы қыз екенмін. Өте томпақ, «жүгіргенің мен жүргенің бірдей болған» деп жеңем үнемі айтып отырады. Соған қарап «Бұлдырқы» деп ат қойғанмын, домалап бұлдырдыңдай жүретінің дейді. Үлкен апам «Қа-рақөзі», ағам «Төрежан» деп ат қой-ғанына құрметпен қараймын. Қаланың тәрбиесін алып, жалғыз қыз болып өссе де, қарапайымдылығына және қазақи болмысына қалай тәнті болмайсың.

Мен ағамның қолына мектептегі оқуымды жалғастыру үшін 1982 жы-лы 16 жасымда келдім. Ол кезде Қуанышқали ағам Қазалыда қызмет атқарады. Қаз жақтағы 4 жылдың

алғашқы 2 жылында мектеп қабырға-сында оқысам, 2 жыл мектепте пионер вожатый болып жұмыс істедім. Аға-жеңемнің тәрбиесіндегі кезім мен үшін өмір мектебі болды. Үй қонақтан арылмайтын. Күніне 4-5 дүркін қонақ келіп, дастарқаннан дәм тататын. Жең-геімнің жанында көмектесіп жүріп, жақсы нәрселерді үйрендім. Несіпкүл жеңгем мектепте француз тілі пәнінің мұғалімі болды. Көрікті, сыпайы сөй-лейтін, мінезі тік, тік мінездің арғында аналық махаббат жататын.

Жоғарыда айтқандай, Зейнел апам дүниеден өткенде ауылда әлі өз қолы аузына жетпеген 9,11,14 жасар Гүлнәр, Алмағұл, Сексенбай деген балалары қалды. Оларды әкеліп үй алып беріп, мектепке орналастырды, ағам мен жеңгемнің қамқорлығында болды. Балалардың үлкен апасы Үкілі тәтем ол кезде Қызылорда медициналық колледжінде оқып, кейін балаларға басшылық жасады. Зейнел апамның 4 баласы, Қуандық әкемнің 4 баласы, Молдағали әкемнің 2 баласы осы аға-жеңгемнің тәрбиесінде болды. 9-10 сыныбымызды оқымыз, мектеп бітірген соң оқу орнына түсіп, әрі қар-ай қызметте қаламыз. Ішін-жеміміз осы кісілердің мойнында. «Сонда біз не ойлағанбыз, тамақ, кимі қайдан келіп жатқанына мән береміз. Інім мен келінім бағуға тиіс секілді сендерді ойланбай жібере беріптіз ғой» деп айтып отыратын әкем марқұм.

Анам жарықтық «Сендер ешнәрсе айтпаған соң, мен де сұрамалпын. Еш-қандай сыбыстарың естілмеді» дегенді ойланып, жеңгемнің ұрысқан сөзін есіме түсіре алмай қойдым. Туған анамыздан кем болмай, бар білгенін үйретті.

Әлі күнге дейін есімде. Біздің кезі-мізде 7 қараша, 1 мамыр мерекелерінде шеруге шығатынбыз. Ақ фартук, қы-зыл галстугімді тағып кетіп бара жат-сам, ағам жеңгемге қарап:

— Балауларға не бердің? — деп сұ-райды. Несіпкүл жеңешем барлық бала-ға 20 тиыннан беріп шығады. 20 тиын ол кезде қыдыруымызға мол жететін. Біраз жерді шарлап, керемет көңіл-күймен ораталынбыз. Әр мерекеде 20 тиын беру — ағам мен жеңгемнің басты қағидасы еді. Қазір ойланамын, ата-анадан жырақта, жүрегіңде сағы-ныш жайлап жүрген бізді қуанту ол кісілердің ойына қалай келді екен? Бұл ағам мен жеңгемнің өресінің биігі, көргендерінің көптігі, үлкен қайын аға мен абасыңа деген құрметі деп ба-ғамдалдым.

Көнеңің көзіндегі, асылдың сыны-ғындай, елге қызметімен еленген аяулы ағам Қуанышқали 83 жасқа, асыл жең-гем Несіпкүл 80 жастың төріне шығып отыр. Өздерінің төрт баласына қосып тәрбиелеген бауырларының 10 баласы қазір әр салада қызметте. Қандай биікте жүрміз, білмейміз!

Сөзімнің соңын Қуанышқали ағам мен мені «Бұлдырқы» деп атаған жеңгем туралы осы екі асыл жанның шерепетін көрген Гүлнәр сіңілімнің «Аға-жеңгемнің жақсылығын ұмыт-сам, Құдайды ұмытқаным» деген сөзі-мен қорытындылағым келіп отыр. Сіздер де Құдайдың назарынан ұмы-тылмай, қазыналы қарттықтың қызы-ғын көріңіздер!

Биатта ҚАЗТУҒАНОВА

«АУЫЛ — ЕЛ БЕСІГІ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР ТУРАЛЫ

Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту, ауыл тұрғындарының әлеуметтік, тұр-мыстық әл-ауқатын жақсарту мақ-сатында 2019 жылдан бастау алған «Ауыл — ел бесігі» жобасы аясында 7 жыл ішінде (2019-2025 жж.) облыстың 79 ауылдық елді мекен-інде құны 58,3 млрд теңгеден аса-тын 515 жоба жүзеге асты.

Нәтижесінде 2 мектептің жап-саржай құрылысы, 7 ауылдық клуб, 14 спорт кешені, 3 ауылдық дәрі-герлік амбулатория салынды. Сон-дай-ақ 15 білім нысаны, 5 ауылдық клуб, 10 дәрігерлік амбулатория және 5 спорт нысаны күрделі жөн-делуен өткізілді.

Осы бағытта 11 ауылдық елді мекеннің электрмен қамту жүйесі, 5 ауылдық елді мекеннің ауызсумен қамту жүйесі қайта жаңғыртылып, 7 ауылдық елді мекен газдан-дырылды. Мұнан басқа 42 көшені жарықтандыру, 1 ауылдық елді мекен жаяу жүргіншілер жүргізіліп, 26 әлеуметтік нысанның жылу қазан-дығы жаңартылды.

Сондай-ақ көлік инфрақұры-лымын жақсарту мақсатында 64 ауылдық елді мекеннің көшелерін жаңғырту, күрделі жөндеу бойын-ша 352 жоба, 7 ауылдық елді мекен-нің жаяу жүргіншілер жолын салу бойынша 9 жоба жүзеге асырылды.

2026 жылға өтпелі кезеңмен жүзеге асырылатын 4 ауылдық елді мекеннің көшелерін күрделі жөндеу, 10 ауылдық елді мекеннің электрмен қамту жүйесін қайта жаңғырту, 2 ауылдық клубтың, 4 спорт кешенінің құрылысын салу жұмыстары жүргізілуде.

/// ҚОЛӨНЕР

КӘДЕСЫЙ ЖАСАЙТЫН ШЕБЕР

Шиелі ауданының тұрғыны Медеу Бердімұрат атадан қалған асыл мұра қолөнерді заман талабына сай жаңғыртып жүр. Мүйіз бен сүйектен кәдесый жасаудың қыр-сырын өзі мұғалім болып еңбек ететін Ф.Мұхамеджанов атындағы №270 орта мектептің оқушыларына үйретуден жалыққан емес.

Кейіпкеріміз аудан орталығында орналасқан М.Ломоносов атындағы қазақ орта мектебін бітірген. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті еңбек пәнінің мұғалімі мамандығының түлегі. Бала күнінде бұл өнерге қызығушылығын оятқан нағашы атасы Имантай Алдабергеновты мен нағашы әжесі Шынар Нәбиқызы екен.

Ата-әжемнің үйіне қыдырып барғанда сүйекпен көмкерілген кебезіні көретімін. Маған сүйектен неше түрлі бұйымдар жасауға болатыны туралы ой келді. Бұл оң-солымды біліп қалған кез еді. Сөйтіп, сүйек пен мүйізді жинап жүретін әдет пайда болды. Сүйектен әртүрлі дүние жасағаныммен, сатуға өтім жоқ. Бұл жұмыс – көңілдің қалауы, – деді қолөнер шебері.

Сүйекті дайын өнімге айналдырғанға дейін оның бабын жасау оңай шаруа емес. Өзіндік технологиясын сақтама, төккен тер текке кетті дей беріңіз. – Мүйізді, сүйекті әуелі қа-

зандағы суга қайнатып аламын. Сосын оны май мен қаннан тазартамын. Сүйекті майынан ажырату үшін тұзды суда 7-8 сағат қайнату керек. Осы шикізаттардан жа-

салатын бұйымды көзбен елестетіп, керек емес жерін жонып алу арқылы дайындаймын. Сүйекті жону кезінде шығатын күл мен тозаң денсаулық үшін қауіпті. Бір жағынан ащы иісі бар, қолқаны қабады. Сол себепті жұмыс барысында қорғаныш құралын таққан дұрыс, – деді ол.

Шебер қой, сиыр мен түйенің қарағанда жылқының сүйегінен майды ажырату қиын екенін атап өтті. Сүйекті желіммен жабыстыру мүмкін емес. Оны бір-біріне бұранда арқылы біріктіріп бекітетін әдіске көшкен.

Медеу Бердімұрат төзімділікті талап ететін күрделі өнерге ынталы оқушыларды баулап жүр. Олардың алды әртүрлі білім бөйгесінде топ жарып үлгерді. Шебер шәкірттері арасынан ұмытылып бара жатқан ұлттық өнерді өзі сияқты ұғынып, ұшпаққа шығаратын балалардың шығатынына сенімді.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»



/// ВОЛЕЙБОЛ

«ҚАЙСАР» – ЕЛ ЧЕМПИОНЫ

Волейболдан әйелдер арасындағы 34-ел чемпионатында қызылордалық «Қайсар» клубы сенімді ойын өрнегін көрсетіп, алтын жүлдені жеңіп алды. Сыр өңірінің намысын қорғаған арулар маусым бойы тұрақтылық танытып, шешуші сәтте жарқырай көрінді.

Бес кезеңнен тұрған ел біріншілігінде 12 команда бақ сынады. Тартысты өткен турнирдің төртінші кезеңінде сегіз ұжым плей-офф кезеңіне өтті. Олардың қатарында «Хиуаз» (Атырау), «Жайық» (Орал), «Ертіс» (Павлодар), «Әлия» (Хромтау), «Шымкент», «Тарсар», «Астана СДД» және «Қайсар» бар.

Топтық кезеңде қызылордалық «Әлия» мен «Ертіс» 1:3 есебімен жол бергенімен, кейін «Астана СДД» мен «Жайық» айқын басымдықпен жеңіп, жартылай финалға шықты. Бұл кезеңде «Ертіспен» қайта кездескен «Қайсар» қарсыласынан 3:1 есебімен басым түсті. Ал финалда атыраулық «Хиуазбен» өткен тартысты ойын-



да қызылордалық қыздар қайсарлық танытып, 3:2 есебімен жеңіске жетті.

Команданың бұл табысы – жүйелі жұмыстың, табандылықтың және бірліктің нәтижесі. Бас бапкер Дидар Сайын чемпиондықта жету оңай болмағанын атап өтті.

– Бұл жеңіс кездейсоқ келген жоқ. Біз маусым бойы өте тыңғылықты дайындалдық. Әр жаттығуды жауапкершілікпен өткізіп, қыздар бар күшін салды. Жаттығу процесінде тәртіпке,

физикалық дайындыққа және тактикалық ойынға ерекше мән бердік. Қиындықтар да болды, бірақ берілмеді. Жігер керек болды, мінзет керек болды. Қыздар соны көрсете білді. Әр ойынға жеке дайындалып, қарсыластарды жіті талдадық. Соның бәрі финалда өз жемісін берді. Команда ішінде бірлік бар. Барлық ойыншы бір мақсат үшін еңбек етті. Біз тек техникалық емес, психологиялық тұрғыдан да дайын болуға тырыстық. Финалдағы шешуші

ойында қыздардың сабыр сақтап, соңына дейін күрескені – еңбектің нәтижесі. Алдағы уақытта да осы қарқынды жоғалтпай, одан әрі дами түсеміз. Бұл – тек бастамасы, – деді ол.

Чемпиондықпен бірге «Қайсар» қыздары жеке марапаттан да құр қалмады. Үздік байланыстырушы атанған Мәдір Нұрлан ойынды шебер құрап, әр пасымен көзге түсті, үздік диагональшы Әдемі Қияшева шабуылда жарқырап, қарсылас қорғанысын бұзды, ал Жанел Қоңырова алаңда алғырлығымен танылып, жеңіске жол ашты.

Айта кетейік, «Қайсар» волейбол клубы 2023 жылы құрылған. Алғашқы маусымда команда 12 ұжымның ішінде бесінші орынға ие болды. Келесі жылы сегіз команданың арасында төртінші орынға тұрақтап, тәжірибе жинақтады. Ал биылғы маусымда ел еңбектің жемісін көріп, ел чемпионы атанды.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК – МАҢЫЗДЫ ТАЛАП

Ветеринария саласының негізгі міндеттері – жануарларды аурудан, халықты жануарлар мен адамдарға ортақ жұқпалы аурулардан қорғау, жануарлардан алынатын өнімдердің, аумақтың ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Облыс көлемінде ветеринариялық-санитариялық бақылаудағы 17 ішкі сауда нүктесіне бақылау орнатылып, инспекцияға қарасты 13 ветеринариялық-санитариялық инспектор бекітілген. Сауда базарларында ветеринариялық бақылаудағы (ет ұшалары мен ет өнімдері, құс еті, сүт және сүт өнімдері, балық, жұмыртқа) өнімдердің сапасын тексеру мақсатында 19 ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханасы жұмыс жасайды. Өнімдердің сапасы құжаттамалық және зертханалық түрде бақыланады.

Облыс аумағында 20 мал сою пунктін, 5 мал сою алаңы тіркелген. Жыл басынан жұмыс жасап тұрған мал сою нысандарында 1531 бас мүйізді ірі қара, 981 бас уақ мал, 1837 бас жылқы, 151 бас түйе, барлығы 4500 бас мал сойылған. Аймақта 3 мал базары жұмыс жасайды. Жыл басынан бері 2957 бас мүйізді ірі қара, 4012 бас уақ мал, 2756 бас жылқы, барлығы 9725 бас саудаға түскен.

Ішкі сауда нысандарында (базарларда) 2026 жылы 1381 мүйізді ірі қара, 1537 жылқы, 91 түйе, 720 уақ мал, 33 шошқа, барлығы 3762 бас ет ұшалары ветеринариялық-санитариялық сараптамадан өткізі-

ліп, сатылымға рұқсат етілген. Халықаралық ереже бойынша ветеринариялық талапқа сай келетін кәсіпорындар мен шаруашылықтарға ғана тауарларын экспорттауға рұқсат беріледі. Облыс бойынша Еуразиялық Экономикалық Одақ реестріне 54, Еуропалық Одақ реестріне 5. Қытай Халық Республикасының реестріне 6, Өзбекстан Республикасының реестріне 1 кәсіпорын енгізілген. Сонымен қатар, Өзбекстан Республикасының реестріне 1 кәсіпорынды енгізуге ұсыныс берілген.

Биыл алыс-жақын шетелдерге 1217 тонна балық және балық өнімдері, Өзбекстан Республикасына 420 бас уақ мал экспортталып отыр.

Инспекция «Ветеринария туралы» заң талаптарын бұзған тұлғаларға әкімшілік-құқықбұзушылық бойынша 147 әкімшілік шара қолданған, 6574000 теңге көлемінде 144 айыппұл салынып, 3 әкімшілік ескерту, 50 нұсқама берілген. Қызылорда облысы полиция департаменті «Облыс аумағында мал ұрлығының алдын алу жөніндегі 2025-2026 жылдарға арналған бірлескен іс-шаралар жоспарын» бекітіп, тұрақты

бақылау жүргізілген, биыл 166 рейдтік шара бірлесіп ұйымдастырылған.

Инспекцияда 3 түрлі мемлекеттік қызмет бар. Жыл басынан 163 мемлекеттік қызмет көрсетілген, оның ішінде: экспорттау кезінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат беру – 112, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру – 26, жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, ветеринариялық препараттарды, жемшоп пен жемшоп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру – 25.

Қазіргі таңда, сауда базарларына келіп түсетін ет ұшаларына бақылауды цифрландыру мақсатында Ауыл шаруашылығы министрлігі «Етті ветеринариялық-санитариялық сараптау» модулін іске қосуда. Бұл модульдің тиімділігі – жоғарыдағы процестер жүйе арқылы жүргізіліп, нәтижесінде ет сатылатын орындардағы сатушыларда QR-кодпен сараптама актісі болады.

Ветеринария саласында ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқор жүйесі

(АШЖБ) жұмыс жасайды. «Ветеринария туралы» заңға сәйкес уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жануарлар ауруларының профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі ветеринариялық іс-шаралардың жүзеге асырылуын бақылау және қадағалау мақсатында, әрбір ауыл шаруашылығы жануары міндетті сәйкестендіруге (сырғалау, таңбалау) жатады. Осыған байланысты, аталған заңның 25-бабында жеке және заңды тұлғалардың жануарлар ауруларының, оның ішінде жануарлар мен адамға ортақ аурулардың алдын алу жөніндегі міндеттері нақтыланған.

Ветеринария саласында бірінші автоматтандырылған басқару жүйесі (БАБЖ) қолданыса енгізілген. Осы жүйеде қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес ветеринар мамандар мемлекеттік қызмет көрсетеді. Жалпы ветеринариялық талаптарды бұзғаны үшін жеке және заңды тұлғаларға инспекция Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 406-бабы бойынша әкімшілік шара көріу көзделген.

Е.АПЕТОВ,
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрілігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясының басшысы

Хабарландыру

«Seven Rivers Technologies» ЖШС 2026 жылғы 09 маусымда сағат 15:00-де Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, 12, «Бастау» бизнес орталығы, 2-кабат, 40 адамға арналған мәжіліс-залында қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу мақсатында ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды: «Қатты тұрмыстық қалдықтарды шыны сынығы түрінде қайта өңдеу және жылғына 240 миллион дана шыны ыдыс өндіру (тәулігіне 280 тонна шыны массасы) зауытын Қызылорда облысында салу» жұмыс жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі және Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары.

Зауыттың жер учаскесінің бұрыштық нүктелерінің координаттары: 1-нүкте – 44В°53'35.98", 65В°25'24.10" 2-нүкте – 44В°53'47.26", 65В°25'40.28" 3-нүкте – 44В°54'17.32", 65В°25'40.15" 4-нүкте – 44В°54'25.84", 65В°25'42.20" 5-нүкте – 44В°54'24.92", 65В°25'51.18" 6-нүкте – 44В°54'22.94", 65В°26'0.25" 7-нүкте – 44В°54'17.26", 65В°26'8.49" 8-нүкте – 44В°54'11.47", 65В°26'15.66" 9-нүкте – 44В°54'5.36", 65В°26'27.58" 10-нүкте – 44В°53'59.84", 65В°26'17.17" 11-нүкте – 44В°53'53.00", 65В°25'58.03" 12-нүкте – 44В°53'41.01", 65В°25'42.25"

Өсер етуі мүмкін және қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Титов шағын ауданы, «Өндіріс» индустриялық аймағы.

Онлайн қосылу сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/join?meetingid=6f1b3f91-3425-47bf-b62d-ea2932241dd9>

Конференция идентификаторы: 874 1041 9539. Қосылу коды: 280814.

Өзіңізбен бірге жеке басын куәландыратын құжат болуы қажет. Қатысушылардың шешімі бойынша ашық жиналыстың өткізілу мерзімі қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы – «Seven Rivers Technologies» ЖШС, ҚР, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Амангелді Иманов көшесі, 110-үй, т.е.б. 4а, пошта индексі 120000, БСН 230540027195. Тел.: +7 777 700 7700, info@sevenrivers.tech.

Жоба әзірлеушісі – «Tau Engineering and Consultants» ЖШС, ҚР, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 5-үй, т.е.б. 13, пошта индексі 050000, БСН 030540007753, тел.: +7 771 554 29 17, gulzira.m@tauengineers.com.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, сондай-ақ кейін жарияланатын қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірінші мемлекеттік жүйесінде <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/>, сондай-ақ ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/?lang=ru> танысуға болады.

Жергілікті атқарушы органның электрондық поштасы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, prf@korda.gov.kz, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, тел.: 8- (7242) -60-53-62.

Жоспарланып отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алу, қоғамдық тыңдауларды өткізу мәселелері бойынша, сондай-ақ осы қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрау үшін келесі байланыс нөміріне хабарласуға болады: +7 771 554 29 17 немесе gulzira.m@tauengineers.com электрондық поштасына жазуға болады.

Объявление

ТОО «Seven Rivers Technologies» сообщает, что 09.06.2026 г. в 15:00 ч. по адресу: г.Кызылорда, ул. Желтоқсан, 12, Бизнес центр «Бастау», 2 этаж, конференц-зал на 40 человек, состоится общественное слушание в формате открытого собрания для получения экологического разрешения на воздействие: Раздел «Охрана окружающей среды» и План мероприятий по охране окружающей среды к рабочему проекту «Строительство завода по переработке твердых бытовых отходов в виде стеклобоя и выпуску стекляной тары производительностью 240 миллионов единиц в год (280 тонн стекломассы в сутки) в Кызылординской области».

Координаты угловых точек земельного участка завода: 1 точка - 44В°53'35.98", 65В°25'24.10" 2 точка - 44В°53'47.26", 65В°25'40.28" 3 точка - 44В°54'17.32", 65В°25'40.15" 4 точка - 44В°54'25.84", 65В°25'42.20" 5 точка - 44В°54'24.92", 65В°25'51.18" 6 точка - 44В°54'22.94", 65В°26'0.25" 7 точка - 44В°54'17.26", 65В°26'8.49" 8 точка - 44В°54'11.47", 65В°26'15.66" 9 точка - 44В°54'5.36", 65В°26'27.58" 10 точка - 44В°53'59.84", 65В°26'17.17" 11 точка - 44В°53'53.00", 65В°25'58.03" 12 точка - 44В°53'41.01", 65В°25'42.25"

Перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Кызылординская область, г.Кызылорда, мкр. Титов, индустриальная зона «Ондирис».

Ссылка на онлайн подключение: <https://us06web.zoom.us/join?meetingid=6f1b3f91-3425-47bf-b62d-ea2932241dd9>

Идентификатор конференции: 874 1041 9539. Код доступа: 280814. При себе иметь удостоверение личности. Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Инициатор намечаемой деятельности – ТОО «Seven Rivers Technologies», РК, Кызылординская область, город Кызылорда, улица Амангелды Иманова, дом 110, н.п. 4а, почтовый индекс 120000, БИН 230540027195. Тел.: +7 777 700 7700, info@sevenrivers.tech.

Разработчик проекта – ТОО «Tau Engineering and Consultants», РК, город Алматы, проспект Аль-Фараби, дом 5, н.п. 13, почтовый индекс 050000, БИН 030540007753, тел.: +771 554 29 17, gulzira.m@tauengineers.com.

С материалами, выносимыми на общественные слушания, а после и с опубликованным протоколом общественных слушаний можно ознакомиться в Национальном банке данных о состоянии окружающей среды <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/>, а также на сайте МНО <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/?lang=ru>.

Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: prf@korda.gov.kz, г.Кызылорда, улица Бейбарыс Сұлтан, №1, т.ел.: 8-(7242) 60-53-62.

Для получения дополнительной информации о намечаемой деятельности, проведения общественных слушаний, а также для запроса копий документов, относящихся к данной деятельности, вы можете обратиться по телефону: +7 771 554 29 17 или по электронной почте: gulzira.m@tauengineers.com.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефон арқылы байланысуға болады. E-mail: sm-jarnama@yandex.kz

Жарамсыз деп есептелсін

Шеребаев Аманбек Байтемировичтің атына Қызылорда облысының ішкі істер департаментінен берілген №4692 (сериясы №00212) зейнеткерлік куәлігі жоғалудына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

www.facebook.com/syrboyi.kz/



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

<https://twitter.com/syrboyi>

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.